



**SAMRUK**  
K A Z Y N A  
• TRUST •

# «SAMRUK-KAZYNA TRUST» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУ ҚОРЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ



ЕСЕПТІҢ ОНЛАЙН НҰСҚАСЫНА  
ӨТУГЕ АРНАЛҒАН QR-КОД

# Мазмұны

«SAMRUK-KAZYNA TRUST» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ	03
ҮНДЕУ	06
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ	08
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ	10
ҰЙЫМДАСТЫРУ МОДЕЛІ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	12
БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ БЕКІТУ ТӘРТІБІ	14
ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ АРНАЛАРЫ	16
2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР	17
ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ СЕКТОРДАҒЫ ҚОҒАМДАСТЫҚТАР МЕН АЗАМАТТАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ	18
МЕДИАНЫ, МӘДЕНИ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ЖӘНЕ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ	84
ҚОР ТОБЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӨҢІРЛЕРДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ	126
«SAMRUK-KAZYNA TRUST» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ МЕДИААЛАҢДА	136
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ	141

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының мұраты - Қазақстан Республикасы тұрғындарының дәулетін арттыруға және ұлттық экономиканы жаңғыртуға инвестициялық тұрғыдан қолдау көрсету.

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына мұнай-газ және көлік-логистика секторлары, химия және атом өнеркәсібі, тау-кен металлургия кешені, энергетика, көлік жасау және жылжымайтын мүлік кәсіпорындары кіреді.



258 444 ↗

ҚЫЗМЕТКЕР

279 ↗

КӘСІПОРЫН

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының Қазақстандағы ауқымы мен маңыздылығын ескере отырып, компания мүддесі барынша пайда табумен бірге, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) қағидаларын бизнес стратегиясына біріктіруге, сондай-ақ жүйелі қайырымдылық қызметін іске асыру арқылы әлеуметтік ортаны жақсартуға бағытталады.

## «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры «Самұрық-Қазына» АҚ барлық компаниялар тобының атынан ел ішінде әлеуметтік маңыз мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асырады.

Қордың қызметі мемлекеттік органдардың, ҚР Үкіметінің, қоғамдық және әлеуметтік саясат саласындағы сарапшылардың жәрдемдесуімен ұйымдастырылады.

Корпоративтік қордың қайырымдылық жобаларының әкімшілері – үкіметтік емес ұйымдар.

\*\*\*

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры өз жұмысында қайырымдылық қызметін реттейтін келесі құжаттарды басшылыққа алады:

- 1) «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық саясаты;
- 2) «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық бағдарламасы;
- 3) «Samruk-Kazyna Trust» қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу ережесі.

### БІЗДІҢ ҚАҒИДАЛАР

Тиімділік

– 001

Әлеуметтік маңыз

– 002

Жүйелілік

– 003

Ашықтық

– 004



«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасы

## Алмасадам Сәтқалиев

«Самұрық-Қазына» компаниялар тобының ел экономикасын дамыту ісінде маңызы зор. Қор бүгінде 250 мыңнан астам еңбеккер үшін жұмыс орнын құрған ең ірі жұмыс беруші саналады.

2021 жылды қорытындылай келе, қол жеткізілген нәтиженің Қордың іскерлік белсенділігінің қалпына келуін көрсетіп отырғанын, пандемияға дейінгі 2019 жылғы межеден асып түскенін атап өткен жөн.

2021 жылы Қор республикалық бюджетке 88,3 млрд теңге жолдады. Сонымен қатар, жалғыз акционердің шешіміне сәйкес, COVID-19 індетіне қарсы вакцина сатып алуды қаржыландырды және қаражаттың бір бөлігі спорт пен білім беруді қаржыландыруға қарастырылды.

2021 жылдың қорытындысында Қор республикалық бюджетке дивиденд түрінде шамамен 170 млрд теңге бағыттауды жоспарлап отыр. Қор тобының компаниялары ірі салық төлеушілер болып табылады. Осы орайда 2021 жылы ел бюджетіне шамамен 1,2 трлн теңге бағытталды, бұл орташа есеппен республикалық бюджетке жыл сайынғы түсімнің 10%-ын құрайды.

Қазіргі уақытта Қор газбен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету, көлік және энергетика саласында бірқатар ірі инвестициялық жобаны іске асыруда. Олардың көпшілігі Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына енгізілген.

Жобалар арқылы Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыру көзделген. Жұмыс орындарын құру түріндегі тікелей әсерден басқа, жобалар жанама ұзақмерзімді әсерге ие, бұл – еңбек жағдайы мен экологиялық ахуалды жақсартудың, өмір сүру деңгейін көтерудің, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың, бизнесті дамытуды ынталандырудың жиынтық нәтижесі.

Қордың жаңа Даму стратегиясы аясында әлеуметтік жауапкершілікке, сондай-ақ ESG қағидаттарын енгізуге - қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, адамдарға қамқорлық жасауға және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Қор әлеуметтік инвестициялар қағидаттарына негізделген жүйелі және орнықты қайырымдылықты 12 жылдан астам уақыт бойы дамытып келеді.

Ол үшін «Самұрық-Қазына» компаниялар тобында қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы – «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры құрылды. «Samruk-Kazyna Trust» қоры Қазақстанның қайырымдылық көшбасшыларының қатарына кіреді және ірі донор-қор болып есептеледі.

2021 жылы Қор жарты миллионнан астам адамға көмектесіп, медицина, білім беру, бұқаралық спортты дамыту, мәдениет бағыттарында 30-дан астам ірі жобаны жүзеге асырды.

Қор мүгедектігі бар балаларды оңалтуға, Қазақстанда емделмейтін сырқаты бар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсетеді. Білім беру мен спортта инклюзияны қамтамасыз етуге үлкен күш салынып жатыр. Бұдан тыс, бұқаралық спортты дамытуға, инфрақұрылымды, оның ішінде ауқымды және қазіргі заманғы спорт кешендерін, көше алаңдары мен залдарды салуға көп көңіл бөлінуде.

«Samruk-Kazyna Trust» қоры қызметінің тағы бір жеке ірі тармағы - мәдениетті қолдау, ұлттың рухани жаңғыруы, жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесі, қазақ өнерінің беделін арттыру, рухани құндылықтарды нығайту. Қор жас өнерпаздарға арналған халықаралық опера байқауын өткізуді, қазақстандық әртістердің қойылымдарын, жас талантты суретшілердің жұмыстарын жариялауды, жасөспірімдерге арналған білім беру шығармашылық бағдарламаларын және басқа да мәдени бастамаларды қаржыландырумен айналысады.

2022 жылы Қор әлеуметтік жұмыста тиімділіктің, ашықтықтың және нәтижеліліктің жоғары стандарттарын сақтаған күйде, ағымдағы және жаңа қайырымдылық жобаларын іске асыруды жоспарлап отыр.



«Samruk-Kazyna Trust» Бас директоры

## Альфия Адиева

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Ырыс алды ынтымақ». Қазақ халқының осы даналық сөздері бірлік пен ынтымақтың қаншалықты маңызды екенін көрсетіп тұрса керек.

Азаматтық қоғамның алар асулары биік, дегенмен мойынға жүктелген жауапкершілік те ерен. Мемлекеттің қолы жете бермейтін жерден табылады, бұқара халықтың арасында жүрген соң нағыз күйіп тұрған келеңсіздіктерді жақсы біледі. Ал біздің «Samruk-Kazyna Trust» қоры ше? Біртіндеп «Самұрық-Қазына» АҚ құрамындағы компаниялар жұмыс істейтін өңірлерге ойысып, еншілес және тәуелді ұйымдардың мұқтаждығына сай нақты жобаларға жұмылу көзделгенмен, елдік мәселелер бәрімізге ортақ. Оның үстіне теміржолшылар мен мұнайшылар, байланысшылар мен пошташылар, басқа да халық арасында мәртебелі мамандар барлық аймақта әлеуметтің еңсесін көтеруге атсалысып жатыр.

Әлбетте былтырғы 2021 жылы «Samruk-Kazyna Trust» ұжымы пандемиядан енді айыға бастаған оңтайлы сәтті қалт жібермей, шектеулерге байланысты «тұралап қалған» игі істерге қайта кірісті. Нәтижесінде мүгедектігі бар балаларға арналған оңалту, ерте араласу орталықтарын жабдықтауды, өңірлерде заманауи спорт кешендері мен басқа да әлеуметтік маңызы бар нысандарды салуды жалғастырдық. Осы орайда індет кезі біздің жобаларымыздың онлайн-сипатына байланысты жаңа қырын ашуға мүмкіндік берді: оқушыларды оқыту, қазақ тілін үйрену платформасы, жасөспірімдерге психологиялық онлайн кеңес беру және басқалары. Ағарту мақсатындағы бейнежазбалар қазақстандық пайдаланушылар үшін үйреншікті де тиімді құралға айналып, миллиондаған қаралым жинады.

2021 жыл «Samruk-Kazyna Trust» қоры көмек көрсеткен бенефициарлардың саны рекордтық деңгейге - жарты миллион адамға қол жеткізілгенімен де маңызды.

Компаниямыз ешқашан сан қуалаған науқаншылдыққа ұрынбаған және ең бастысы сапаны көбірек бағалайды. Бірақ қор ұжымының көптеген қазақстандықтардың өміріне етене араласып, жақсы жаққа өзгерте алуы қуантады. Мұндай жеңіс әріптестерімізде жинақталған тәжірибенің, жобалық басқару тәсілдерінің және білікті сарапшылардың арқасында мүмкін болып отыр.

Қазақстандық үкіметтік емес ұйымдардың арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес, олардың тең жартысына жуығы Қор жұмысымен таныс емес екенін айтады. Басым көпшілігі, яғни сұралушылардың 70 пайыздан астамы Қорды жабық әрі қолжетімсіз деп санайды. Басқа да ойлантарлық жайттар бар әрине. Алайда іс-әрекетсіз отырған жоқпыз. Бірден арнайы жедел желіні іске қосып, оған 2022 жылдың наурыз-мамыр айларында 400-ден астам қоңырау келіп түсті. Атырау мен Қызылорда, Павлодар өңірлеріне бардық, елорда ҰЕҰ-мен сөйлестік.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні», 2022 жыл біз үшін өзгеріс әкелген жыл. Ашық және қолжетімді болып, жұмыстың тиімділігін арттыра береміз ағайын! Серіктестеріміз саналатын барлық үкіметтік емес ұйымға алғыс білдіргім келеді. Олардың өзгеше идеяларынсыз, мәселеге бейжай қарамайтын сергек әрі жауапты көзқарасынсыз «Samruk-Kazyna Trust» қызметі мұндай ауқымды болмас еді.

Сондықтан «Samruk-Kazyna Trust» қорына сенетін және үміт жібін үзбейтін адамдардың көңілін қалдырмаймыз деген ойдамын. Абай даналығына жүгінсек, «үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Осы қасиеттерден айрылмайық.

**Биіктерге бірге жетейік!**

# Қайырымдылық қызметінің тарихы

# 1 850 000-нан

АСТАМ АДАМ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК АЛДЫ

2010 - 2016 ЖЖ.:

**400 000** БЕНЕФИЦИАР

2016 - 2018 ЖЖ.:

**500 000** БЕНЕФИЦИАР

2018 - 2020 ЖЖ.:

**742 000** БЕНЕФИЦИАР

2020 Ж.:

**115 000** БЕНЕФИЦИАР

2021 Ж.:

**500 000** БЕНЕФИЦИАР

## 2010 – 2015

☆ (2200-ДЕН АСТАМ ЖОБАҒА  
БАСТАМА ЖАСАЛДЫ)

### «Самұрық-Қазына» АҚ

«Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық жобаларына «СК-Астана» арқылы, ал портфельдік компаниялар өз бетімен әртүрлі әлеуметтік маңызы бар салаларға қолдау көрсетті.

## 2016

☆ (2016-2021 ЖЖ. 300-ДЕН  
АСТАМ ЖҮЙЕЛІ ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖОБА ІСКЕ АСТЫ)

### «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры құрылды

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының қайырымдылық қызметінің Бірыңғай операторы құрылды. «Samruk-Kazyna Trust» алдына «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы атынан қайырымдылық қызметін жүзеге асыратын тиімді механизм әзірлеу міндеті қойылды.

## 2018 – 2019

### «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры

- Қайырымдылықтың жалпы жылдық сомасы азайды;
- Бенефициарлар санын және жүзеге асырылатын жобалар сапасын сақтап, оны арттыру шаралары қолға алынды.

## 2015

### «Самұрық-Қазына» АҚ трансформацияланды

ҚР «Қайырымдылық туралы» Заңы қабылданды. Бұл «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының демеушілік және қайырымдылық жобаларды жүзеге асыруына мораторий енгізу туралы шешім қабылдауға ықпал етті.

## 2016 – 2017

### «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры

- Әлеуметтік маңызды жобаларды сапалы іріктеу және бақылау жүйесін жасады;
- Бөлінетін қаражатқа бірыңғай мониторинг жүргізуді енгізді;
- Жобаларды қаржыландырудың қайталануын жойды;
- Әр жобаның нәтижелілігін арттырды.

## 2020 – 2021

### «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры

- Коронавирус пандемиясы кезінде қазақстандықтарға көмек көрсетті;
- Аймақтарда іргелі жобалар қатарын кеңейтті.

# Қайырымдылық Қызмет стратегиясы

Қор үшін әлеуметтік қайырымдылық – бірреттік өтеусіз көмек емес, азаматтардың әлеуметтік және рухани игілігі үшін қолайлы орта құру бағытындағы жүйелі жұмыс



## Жаһандық деңгейде ойлаймыз

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры қоғамдағы тиімді және жүйе қалыптастырушы әлеуметтік өзгерістерді дамыту үшін экожүйе жасап, ол барлық мүдделі тараптарға жұмыс істейді

- ✔ БИЗНЕС
- ✔ АДАМДАР
- ✔ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР
- ✔ АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР





## Байыпты көзқарас

Қайырымдылық қызметтің  
басты стратегиясы

- ✔ МӘСЕЛЕНІ ЗЕРДЕЛЕУ
- ✔ ОҚЫТУ
- ✔ ДАМУ
- ✔ ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛҒА ҰЗАҚ  
УАҚЫТ ӘСЕР ЕТУ



## Жақсылыққа ұмтыламыз

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік  
жобаларды дамыту қоры келесідей  
идеяларды қолдайды:

- ✔ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК  
ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ІРІ  
ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛУ
- ✔ РЕСПУБЛИКА АУМАҒЫНДАҒЫ  
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БОЙЫНША ҮЗДІК  
ТӘЖІРИБЕЛІ ҰЙЫМҒА АЙНАЛУ
- ✔ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮЙЕЛІ СИПАТЫН  
АРТТЫРУ

# Ұйымдастыру моделі және басқару жүйесі


2021 жылы - 18 кездесу

Қамқоршылық кеңес - «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының тұрақты қызмет ететін алқалы басқару органы

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС МІНДЕТІ

Қор қызметінің жарғылық мақсаттарына сәйкестігін бақылау, сондай-ақ қайырымдылық жобалар мен олардың әкімшілерін бекіту

# «Samruk-Kazyna Trust» КҚ ұйымдастыру құрылымы



**18**

ШТАТ САНЫ

**9 ЖЫЛ**

ҚОРДАҒЫ ЕҢ ҰЗАҚ  
ЕҢБЕК ӨТІЛІ

**3 ай**

ҚОРДАҒЫ ЕҢ ҚЫСҚА  
ЕҢБЕК ӨТІЛІ

# 7.5 млрд ₸

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
БЮДЖЕТІ

Қайырымдылықтың жалпы жылдық сомасы «Самұрық-Қазына» АҚ жылдық шығыс жоспарына сәйкес қалыптастырылады.

Жылдық шығыстар жоспарымен бекітілген қайырымдылық көмек көлеміне қарай, «Самұрық-Қазына» АҚ қаражатын бір уақытта немесе транштармен тікелей «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорына аударады.

«Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры Қайырымдылық бағдарламасының негізінде және Қайырымдылық көрсету мен мониторинг жүргізу ережесіне сәйкес қайырымдылық көмек көрсетуге әлеуетті пайдаланушылардың өтінімдерін қарауды жүзеге асырады.

**Корпоративтік қор  
қайырымдылық  
жобаларына  
өздігімен бастама  
көтеріп, жүзеге  
асыруға құқылы**

# «Samruk-Kazyna Trust» қорының қайырымдылық көмек көрсетуі Қамқоршылық кеңестің тиісті шешімі негізінде келесі механизм бойынша жүзеге асырылады:

- 01** Әлеуетті пайдаланушы Қорға барлық қажетті құжаттарды және Ереже қосымшаларына сай толтырылған нысандармен бірге электрондық немесе баспа форматында өтінім жібереді.  

- 02** Қор өтінімді ұсынылған құжаттардың толықтығына және Ережеге сәйкестігіне қарайды.  

- 03** Одан әрі Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде Комплаенс қызметінің тексеруін қоса алғанда, өтінім бойынша қорытынды қалыптастырады. Қорытындыны басшылық бекітеді және өтінім бойынша барлық материалдармен бірге Қамқоршылық кеңеске беріледі.  

- 04** Қамқоршылық кеңес өтінімді қарап, шешім қабылдағаннан кейін Қор пайдаланушыға қабылданған шешім туралы хабарлайды.  

- 05** Қамқоршылық кеңес мақұлдаған жағдайда Келісімшарт жасалады және жобалық құжаттама құрылады.

# Өтінімдерді қабылдау арналары



Мекен-жай бойынша жеткізу



Электрондық пошта:

[info@sk-trust.kz](mailto:info@sk-trust.kz)



[www.sk-trust.kz](http://www.sk-trust.kz) ресми сайты  
арқылы электрондық өтінімдерді  
қабылдау

«Samruk-Kazyna Trust» қоры үкіметтік емес ұйымдардан түскен және қазақстандықтарға көмектесуге қатысты өтінімдерді қарайды.

«Samruk-Kazyna Trust» қоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте өтінімдерге сараптама жүргізеді және жауап хат жазады.

ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері түскен күннен бастап, күнтізбелік 15 күн ішінде қаралады. Қарау үшін басқа субъектілерден ақпарат алу талап етілетін өтінім түскен күннен бастап, күнтізбелік 30 күн ішінде қаралады.

«Samruk-Kazyna Trust» қорының Қайырымдылық көрсету және мониторинг жүргізу ережесі талаптарына сәйкес келетін қайырымдылық көмек көрсету туралы өтініштер Қамқоршылық кеңесінің қарауына жіберіледі.

**2021 жылы «Samruk-Kazyna Trust»  
қорына 1 120 өтініш келіп түсті**

# 2021 жылғы негізгі нәтижелер

32

ІРІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

500 000

БЕНЕФИЦИАРЛАРДЫҢ  
ЖАЛПЫ ҚАМТЫЛУЫ

Қазақстанның  
барлық өңірі

## 2022 жылға қойылған мақсаттар мен міндеттер:

- ✓ Қоғамдағы тиімді және негізгі әлеуметтік өзгерістердің экожүйесін одан әрі дамыту.
- ✓ Өзекті және ауқымды қайырымдылық жобаларын қолдау бойынша белсенді жұмысты жалғастыру.
- ✓ Қайырымдылық бағдарламасы құрылымында өңірлік жобалардың үлесін арттыру және жергілікті азаматтық сектор өкілдерімен ынтымақтастықты жолға қою.

## Біздің басымдықтар

\*  
Әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға, қауымдастықтарға көмектесу

\*  
БАҚ-ты, мәдени қоғамдастықты, адами әлеуетті дамыту

\*  
Қор тобы жұмыс істейтін өңірлерде өңірлік әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын іске асыру

\*  
Қордың және/немесе Қор тобының беделін нығайту және ілгерілету

Әлеуметтік және  
медициналық  
сектордағы  
**қоғамдастықтар  
мен азаматтарға  
көмек көрсету**



# «Дені сау балалар» жобасы

«Қасиетті жол» ҚҚ

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ:

Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ:

0-15 жас аралығындағы  
БЦП диагнозы бар балалар

# 1360

Бала 2021 жылы 21 күндік  
оңалту курстарын өтті

## ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ

3 оңалту орталығында – «Қасиетті жол» РО (Нұр-Сұлтан қ.), «Kzhol Shymkent» РО (Шымкент қ.) және «Балапан» ерте араласу орталығында (Нұр-Сұлтан қ.) халықтың әлеуметтік осал топтарынан нейроортопедиялық бұзылулары бар балаларды оңалту курстарын ұйымдастыру.





«ҚАСИЕТТІ ЖОЛ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ  
10 ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСЫ БОЙЫНША  
ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ (ВИДЕО)

# Жобаның негізгі нәтижелері

## 400

БАЛА

**Нұр-Сұлтан қаласы «Қасиетті Жол» РО 400 баланы қабылдады:**

- 22 бала басын ұстауды үйренді
- 33 бала қолға сүйену дағдысын қалыптастырды
- 6 бала қолды ұстауды үйренді
- 31 бала отыруға үйренді
- 15 бала аяққа тұруды үйренді
- 29 бала еңбектеп жүруді үйренді
- 22 бала тірекпен тұруды үйренді
- 13 бала тұруды үйренді
- 28 бала тірекпен жүруді үйренді
- 16 бала жүруді үйренді
- 73 бала үілдеу дағдыларын дамытты
- 63 бала былдырлауды үйренді
- 61 бала сөздерді айтуды үйренді
- 37 бала сөз тіркестерін айтуды үйренді
- 34 бала қарапайым сөйлемдерді құруды үйренді
- 36 бала күрделі сөйлемдерді құруды үйренді
- 88 бала үйлесімді сөйлеу дағдысын игерді

## 360

БАЛА

**Нұр-Сұлтан қаласының «Балапан» ерте араласу орталығы 360 баланы қабылдады:**

- 45 бала басын ұстауды үйренді
- 42 бала қолға сүйену дағдысын қалыптастырды
- 63 бала отыруға үйренді
- 43 бала аяққа тұруды үйренді
- 41 бала еңбектеп жүруді үйренді
- 34 бала тірекпен тұруды үйренді
- 41 бала тұруды үйренді
- 31 бала тірекпен жүруді үйренді
- 30 бала жүруді үйренді
- 69 бала үілдеу дағдыларын дамытты
- 68 бала былдырлауды үйренді
- 23 бала сөздерді айтуды үйренді
- 1 бала сөз тіркестерін айтуды үйренді

## 600

БАЛА

**Шымкент қаласы «Kzhol Shymkent» РО 600 баланы қабылдады:**

- 25 бала басын ұстауды үйренді
- 45 бала қолға сүйену дағдысын қалыптастырды
- 30 бала қолды ұстауды үйренді
- 33 бала отыруға үйренді
- 38 бала аяққа тұруды үйренді
- 26 бала еңбектеп жүруді үйренді
- 31 бала тірекпен тұруды үйренді
- 26 бала тұруды үйренді
- 26 бала тірекпен жүруді үйренді
- 22 бала жүруді үйренді
- 138 бала үілдеу дағдыларын дамытты
- 80 бала былдырлауды үйренді
- 53 бала сөздерді айтуды үйренді
- 63 бала сөз тіркестерін айтуды үйренді
- 65 бала қарапайым сөйлемдерді құруды үйренді
- 24 бала күрделі сөйлемдерді құруды үйренді
- 30 бала үйлесімді сөйлеу дағдысын игерді

# Зухра Шерметова, 14 жаста



**Оңалту шараларынан кейін Зухрада үлкен өзгерістер болды.**

**Ол жүре алады, бәрін түсінеді, анасына үйде көмектеседі және өзін-өзі күте алады.**

**Қыз өте көпшіл және белсенді. Ол бейімделген спорт үйірмелеріне қатысады: дзюдо, суда жүзу, тіпті футболда да бағын сынап көрді.**

Зухра 2008 жылы мерзімінен бұрын алты айлық болып дүниеге келген. Оған екі жасында церебральды сал ауруы диагнозы қойылды (сол жақ гемипарез – церебральды сал ауруының бір түрі). Зухраның сол қолы мен аяғы жұмыс істемей және сөйлей алмай қалды.

Әрине, бұл ата-аналарына тосыннан келген соққы болды. Олар бұндай диагнозды бұрын ешқашан кездестірмеген.

Зухраның анасы Тахмина қызымен жұмыс істей бастады: дәрігерлер кеңес бергендей анасы Зухраны массажға апарды. Күйеуі екеуі үнемі мамандарды іздеп жүрді. Кейін олар қызды арнайы түзету балабақшасына апара бастады.

2018 жылы Тахминаға «Kzhol Shymkent» орталығына жүгінуге кеңес берілді. Нәтижесінде Зухра «Дені сау балалар» жобасы аясында оңалту орталығына түсті.

Орталықта Зухраның ата-анасы бірнеше маман бір мақсатта бірігіп жұмыс істейтін оңалтудың кешенді тәсілін көрді. Зухра орталыққа қуанышпен келеді, мамандардың барлық тапсырмасын қызығушылықпен, ықыласпен орындайды. Әр жарты жыл сайын Зухра «Kzhol Shymkent» орталығында тегін оңалту курсынан өтеді.

**Зухра есейіп, сауығып кеткен соң, логопед болуды армандайды.**



“

«Кезінде «Дені сау бала» жобасын айына 20 баланы қабылдайтын орталықтан бастадық. Біздің жобамыз табысты және ата-аналар қауымдастығында сұранысқа ие болғаны сонша, үш жыл ішінде «Samruk-Kazyna Trust» қолдауының арқасында жобамыз 3 оңалту орталығына дейін өсті.

Жыл сайын аз қамтылған отбасылар мен балалар үйлерінен шыққан нейроортопедиялық бұзылыстары бар 1500-ден астам бала орталықтарға баруға мүмкіндік алды. Жүздеген бала өз бетінше отыруды, жүруді, сөйлеуді, тамақтануды және ойнауды үйренді, құрдастарымен бірге мектепке барды.

Біздің оңалту орталықтарының үлгісі мемлекет тарапынан бағаланып, мойындалғанына қуаныштымыз. Енді Қазақстанда осы үлгі бойынша 22 мемлекеттік оңалту орталығы ашылды. «Дені сау балалар» жобасы аясында «Қасиетті жол» алғашқы орталығымызды ашқанда әр облыста 1 орталық болса деп армандадық. Қазір осы орталықтардың саны 16-дан асты. Осылайша шағын жоба мыңдаған балалар мен олардың отбасыларының өмірін өзгертетін жүйеге айналды».

ГҮЛМИРА ӘБІЛДИНОВА, «ҚАСИЕТТІ ЖОЛ»  
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ



“

«Орталықтың барлық мамандарына - логопедтерге, дефектологтарға, психологтарға, жаттығу терапиясы нұсқаушыларына мың алғыс! Олар балалармен туғанындай жұмыс істейді. Мен бәріне көмектескендері үшін және қызымда болған жақсы өзгерістер үшін алғыс айтамын!»

ТАХМИНА, ЗУХРАНЫҢ АНАСЫ

## Байланыс ақпараты

+7 717 270 28 68

+7 701 240 71 31

+7 701 777 80 52

[www.kzhol.kz](http://www.kzhol.kz)


[kasiettyzhol@gmail.com](mailto:kasiettyzhol@gmail.com)

Facebook

Instagram

# «Балалар мүддесіндегі қозғалыс» жобасы

«Замандас 21» ҚҚ



## ЖОБА МАҚСАТТАРЫ

- ☉ Халықтың әлеуметтік осал топтары балаларының тегін оқу, спорт, музыка, шығармашылық үйірмелерде бос уақытын және білім алуын ұйымдастыру
- ☉ Отбасыларға тегін психологиялық көмек көрсету

# Нұр-Сұлтан қаласындағы 6 аула клубында 3123 бала мен жасөспірім оқыды

- №1 клуб – Қошқарбаев көшесі, 44
- №2 клуб – Ш.Құдайбердіұлы көшесі, 28
- №3 клуб – Абай даңғылы, 92/2
- №4 клуб – №9 орта мектеп базасында, Өндіріс-1 ықшам ауданы, Сарыадыр көшесі, 3
- №5 клуб – №15 жергілікті кітапхана базасында, Промышленный даңғылы, Шалкөде көшесі, 2
- №6 клуб – №55 мектептің базасында, Ж. Досмұхамедұлы көшесі, 2



«ХАБАР 24»  
ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ СЮЖЕТІ,  
«ҚЫЗЫҚТЫ ЖҰМЫС»  
(«ИНТЕРЕСНОЕ ДЕЛО»)  
БАҒДАРЛАМАСЫ

Жоба бағдарламасына 25  
клуб пен секция енгізілген

# Жобаны іске асыру аясында

Елордадағы жастар  
коворкинг орталығына  
176 бала барды

Психологтар 99 жас пен  
олардың ата-аналарына  
83 мәрте жеке кеңес берді

Ата-аналарға 493  
жеке кеңес берілді

Оффлайн және онлайн  
сипатта ата-аналармен  
түрлі 104 кездесу өтті

Арнайы жиналыстарға 1055  
бала мен жасөспірімнің ата-  
анасы қатысты

84 бала жеке-эмоционалдық  
сала диагностикасынан өтті

## Едіге Сәбитовке жігер берген оқиға осыдан 4 жыл бұрын «Замандас 21» клубында басталған...

Бұл жас таланттың аула клубының театр студиясындағы алғашқы қадамдары болатын. Болашақта Едіге өзін концерттердің, телевизия, шоу бағдарламалардың жүргізушісі ретінде көреді.



Тұрақты сабақтар, жаттығулар, концерттер мен спектакльдер үлкен күш, шыдамдылық пен мінезді талап етеді. Алайда, бұл процесстер өте қызықты болғандықтан, Едігенің екінші тынысы ашылды. Кейінірек ол клубтың барлық концерттік бағдарламаларының бірінші жүргізушісі, «Уақыт дөңгелегі» музыкалық қойылымының және басқа да көптеген театрландырылған қойылымдардың басты кейіпкері болды.

Сондай-ақ ол - Испанияның «Еуропаның таланттары» халықаралық байқауының «Түпнұсқа жанр» аталымы бойынша жеңімпазы.

Клубтағы оқуын аяқтағаннан кейін Едіге қазақ-түрік лицейіне оқуға түсіп, басқа қалаға көшті. Ол өзінің екінші үйіне айналған «Замандас 21» клубын әрдайым сүйіспеншілікпен еске алады. Осы жерде Едіге жаңа достарын тауып, шығармашылық әлемін ашты, ең бастысы, ол өзінің арманын жүзеге асырды және мақсатына жетті.

“

«Замандас» отбасылық аула клубы - бұл бақытты балалық шақтың аумағы, орталықта әр сәтті бағалай білуге және ләззат алуға үйретеді. Біз отбасыларға проблемаларды талдау, оларды шешу жолдарын бірлесіп іздеу арқылы көмек көрсетеміз. Басты қағидатымыз бен міндетіміз - денсаулық, отбасы, мәдениет, рухани-адамгершілік тәрбие сияқты аса маңызды адами құндылықтарды сақтау және дамыту.

Біз пікірлес, қамқор адамдардың арқасында қоғамымызды дамытып, барлық нәрсеге қол жеткізе аламыз».



ЛӘЗЗАТ АЛШИНОВА, «ЗАМАНДАС 21»  
ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ



elorda.info сайтындағы мақала [↗](#)

baq.kz сайтындағы мақала [↗](#)

## «Замандас» отбасылық аула клубтарының байланыс ақпараты

АБАЙ ДАҢҒЫЛЫ, 92/2

[☎ +7 707 997 2390](#)

ШАЛКӨДЕ КӨШЕСІ, 2

[☎ +7 701 709 9489](#)

САРЫАДЫР КӨШЕСІ, 3

[☎ +7 708 102 1384](#)

БӨГЕНБАЙ БАТЫР ДАҢҒЫЛЫ, 52  
(ЖАСТАР КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫ)

[☎ +7 708 425 4855](#)

Ш. ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ДАҢҒЫЛЫ, 28

[☎ +7 701 778 4949](#)

Р. ҚОШҚАРБАЕВ ДАҢҒЫЛЫ, 44

[☎ +7 775 577 4557](#)

ДОСМҰХАМЕДОВ КӨШЕСІ, 2

[☎ +7 708 839 8024](#)

[🌐 www.zamandas21.kz](#)

[f Facebook](#)

[📷 Instagram](#)

# «Балаларға өмір сыйла» жобасы



«Мейірімділік - ерікті қоғамы» ҚҚ

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстанның барлық аймағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Қазақстанда емделмейтін диагнозы бар 18 жасқа дейінгі балалар

**«Балаларға өмір сыйла» жобасы Қазақстанда емделмейтін ауыр дерті бар балаларға шетелдік клиникаларда ем алуға көмектеседі**



**Көмекке мұқтаж жандарға  
288 535 496 теңге бөлінді**

**215 748 130**

ТЕҢГЕ ДЕРБЕС ҚАРАЖАТ АРҚЫЛЫ  
ЖИНАЛДЫ



«БАЛАЛАРҒА ӨМІР  
СЫЙЛА» ДЕРЕКТІ ФИЛЬМІ

**158**

ОТБАСЫНА КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ  
КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

**149 бала**

БАЛА ЕМДЕЛУГЕ ЖІБЕРІЛДІ

**Жоба аясында 162 операция мен емдеу курсы жасалды. Оның ішінде туа біткен кінәраттар, туа біткен жүрек ақаулары, неврология, генетика, офтальмология, онкология, орфандық аурулар, ортопедия және т.б. бар**

Алматы облысы Қарғалы ауылының тұрғыны Жәния Ұлмағанбетова жүктілігінің 28-ші аптасында мерзімінен бұрын қыз босанған. Дәрігерлер Айша есімді сәбидің ата-анасына шала туған нәрестенің ретинопатиясы диагнозы қойылғаны туралы хабарлады. Бұл өте ауыр көз ауруы, ол көп жағдайда шала туған нәрестелерде болады және тордың түзілуінің бұзылуымен сипатталады. Кейде ауру толық соқырлыққа әкелуі мүмкін. Айшаның жағдайында ауру 5-ші сатысында болған – екі көзде де жалпы торлы қабық ажыраулы.

“

«Біз баламызға жарықты көруге көмектесетін кез-келген ақпаратты іздей бастадық. Осылайша 5-ші дәрежелі ретинопатияда операция жасайтын керемет дәрігер О.В. Дискаленко туралы білдік. Бізде үміт пайда болды. Операцияның күрделі және қымбат екенінен де хабардар болдық. Ақша жинау қиынға соқты, 2021 жылдың қаңтарында жедел емдеу үшін Ленинград облыстық балалар клиникалық ауруханасының көз микрохирургиясы бөліміне шақыру алдық. 2021 жылдың қаңтарында екі көзге де операция жасалды», - деді Жания.

Анасының айтуынша, дәрігерлер ең бастысы - көзді орган ретінде сақтау керек екенін баса жеткізген. Көп нәрсе Айшаның өзінің денсаулығына байланысты болды. Кейінірек қызға қайтадан операция жасау керек болды.



“

«Ата-аналардың әңгімелерінен біз көптеген балаларға көмектескен «Мейірімділік - ерікті қоғамы» қоры туралы білдік. Мамыр айында тағы да Санкт-Петербургке медициналық зерттеуге, мүмкін, қайта операция жасау үшін баруымыз керек еді. Біз көмек алу үшін қорға жүгіндік. Қор бізге оң көзге қайта операция жасауға мүмкіндік берді. 20 қазанда сол көзге де қордың көмегімен қайта операция жасалды. Біз өте қуаныштымыз. Қордың арқасында әлемнің мейірімін сезіндік және қолдауды қажет ететін көптеген адамдар үшін үміт пайда болады. Қор біздің қызымыздың тағдырын жақсы жаққа өзгертуге көмектесті, әдемі дүниені көруге мүмкіндік берді. Қызымыз бізге қарап, күлгенде біз қаншалықты бақытты болатынымызды білсеңіз ғой!», - деді Айшаның анасы.



## Байланыс ақпараты

☎ +7 727 267 66 46

TENGRINEWS.KZ  
САЙТЫНДАҒЫ МАҚАЛА

BROD.KZ САЙТЫНДАҒЫ МАҚАЛА

🌐 [www.detdom.kz](http://www.detdom.kz)

@ [info@detdom.kz](mailto:info@detdom.kz)

📘 [Facebook](#)

# «Аутизмді жеңуге болады» жобасы

«Мейірімділік - ерікті қоғамы» ҚҚ

## ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ

Аутистік спектрі бұзылған балалары бар отбасыларға көмектесу

## ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстанның барлық аймағы

## МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Аутистік спектрдің бұзылуы бар балалар және олардың отбасылары

4 бала

КӘДІМГІ БАЛАБАҚШАҒА БАРДЫ

2 бала

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПКЕ БАРЫП, ҚАТАРЛАСТАРЫМЕН БІР СЫНЫПТА ОҚИДЫ

35 бала

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДАҒДЫЛАРЫН МЕҢГЕРДІ

50 бала

КӨЗДЕРІНІҢ КӨРУІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Жалпы білім беретін мектепте инклюзия негізінде 9 бала оқиды

15 бала

АҚПАРАТТЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ӨҢДЕУ, БАРЛЫҚ ПӘНДЕР БОЙЫНША ЖАҢА БІЛІМДІ ҚАБЫЛДАУ, ФУТБОЛ ЖАРЫСТАРЫ МЕН СПОРТТЫҚ ЭСТАФЕТАЛАРҒА ҚАТЫСУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРДЫ, МУЗЫКАЛЫҚ, ВОКАЛДЫҚ ЖӘНЕ БИ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТТЫ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬДЕРГЕ, КӨРМЕЛЕРГЕ ЖӘНЕ ЖӘРМЕҢКЕЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ



260 отбасы аутизм спектрі бұзылуы бар балалармен жұмыс істейтін мамандардың кеңесін алды.

60 бала оңалту орталығында психолог, логопед, ЕДШ тренері, білім беру сипатындағы педагог, әдіскер және т.б. Мамандардың көмегін тұрақты түрде алады.

Балаларды үй жағдайына бейімдеу мәселелері туралы 94 теориялық сабақ өтті.

Әли Ораз 2011 жылы дүниеге келген, екі жасына дейін қарапайым бала сияқты дамығанымен, сөйлеу қабілеті нашарлау болған. Екі жасында оған соңғы екпе (АКДС) жасалып, алты ай бойы атасы мен әжесінің үйінде болды. Осыдан кейін оның бойында жағымсыз өзгерістер байқала бастады: ол өз атына жауап бермейтін, барлығынан аулақ болды, өзін құшақтауға мүмкіндік бермеді. Түнде мазасызданып, айқайлап оянды, сөйлеу қабілеті мүлдем жоғалып кетті. Туыстарының бар-жоғына немқұрайлы қарады. Әли бақыланбайтын гиперактивті болды, ол үнемі жүгіріп жүрді, бір орында бес секунд та тұра алмады. Бала қоғамдық орындарда айқайлайтын, ол судан, қатты дыбыстардан қорқатын, бірақ ол биіктіктен және жылдамдықтан қорықпайтын. Сонымен қатар, Әлидің қызығушылығы шектеулі болды: үйде – үнемі қозғалыстар, ал көшеде ол өткеншеkte тербелгенді ұнататын.

Нәтижесінде баланың ата-анасының әрекеті өз нәтижесін берді: Әли бірте-бірте дамыды, оған айтылған сөзді түсіне бастады, әлеуметтенуі біршама жақсарды. Бірақ бәрібір, оның анасы айтқандай, мінез-құлық мәселесін шешу мүмкін болмады.

2018 жылдың қыркүйегінде Әлидің отбасы «Аутизмді жеңуге болады» жобасы аясында жұмыс істейтін оңалту орталығына жүгінді. Содан бері баланың анасы нәтижелер айтарлықтай жақсарғанын атап өтті.

**«Әли сабырлы, зейінді, ынталы бола бастады. Ол топта жұмыс істеуді үйренді, онымен қоғамдық орындарды аралауды, топтық шараларға қатысуды бастадық. Сөйлеуінде жақсару байқалды, сөздерді қайталайды, қазір тақпақтарды да жатқа оқиды. Ол ән айтуды баяу үйреніп, музыкалық қабілетін дамытты. Әли жақсы жүзеді, шаңғы мен коньки тебеді және атқа мінгенді ұнатады. Біз барлық табыстарымызға «Аутизмді жеңуге болады» орталығы мамандарының қалыптасқан ұжымдық жұмысының арқасында қол жеткіздік. Ұстаздарымыз, кураторларымыз баламызды дені сау етіп көруді, оған тұлға ретінде қарауды үйретті. Біз отбасы ретінде Әлимен жұмыс істеп, онымен дұрыс қарым-қатынас орнатуды меңгердік. Жалпы өміріміз жақсарды. Мұндай ілгерілеу оңалту орталығының барлық балаларында байқалады», - деді Әли Ораздың анасы.**

#### БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



«АУТИЗМДІ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ»  
ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУШЫДАН  
ТҮЛЕККЕ ДЕЙІНГІ ЖОЛ»  
ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ВЕБИНАР

+7 707 530 83 86

[www.autismpobedim.kz](http://www.autismpobedim.kz)

[Facebook](#)

[Instagram](#)

[Youtube](#)

# «Жетім балаларсыз Қазақстан» жобасы

«Мейірімділік»  
Ерікті қоғамы» ҚҚ

## ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстанның барлық аймағы

## МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және асыраушы отбасылар

«Жетім балаларсыз Қазақстан» жобасы балаларды отбасына орналастыра отырып, проблемалық жағдайлар бойынша отбасылар мен асырап алушыларға заңдық қолдау көрсетуге бағытталған

# 497

ОТБАСЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША КЕҢЕС АЛДЫ

Республикалық «Хабар» арнасында «Ләйлек күні» телебағдарламасының 56 бөлімі көрсетілді: әр бағдарламада туабіткен патологиясы бар 2 баланың оқиғасы баяндалады

# 5

БАЛА ҚОРҒАНШЫЛЫҚҚА АЛЫНДЫ

# 14


БАЛА БАЛА АСЫРАУШЫ ОТБАСЫЛАРҒА БЕРІЛДІ

# 2

БАЛА ПАТРОНАТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ БЕРІЛДІ

# 3

БАЛА БИОЛОГИЯЛЫҚ ОТБАСЫНА ОРАЛДЫ



Алексей мен Настя екеуі де салмақты қарым-қатынасқа дайын екенін түсінген кезде кездесті. Олар өз балалары Варя мен Ваняны көптен күткен. Бір кездері Анастасия ана болу бақытын сезіне алатынына сенімін жоғалтқан болатын. Настяның туған-туыстары бала асырап алу туралы әңгімелерді мүлдем жақтырмайтын...

Біраз уақыт Алексей мен Анастасия балалар мәселесін көтерген жоқ. Бірақ бір күні балаларсыз өмір сүре алмайтындарын түсінді. Ал егер баланы дүниеге әкелуге мүмкіндік болмаса, оны табу керек. Қыз немесе ұл болсын, бәрібір. Ең бастысы, олар нәресте үшін ана мен әке болады.

**«Біз балалар үйіне бардық, көптеген адамдар сияқты ата-ана ретінде қалай болатынын сезінгіміз келді... Сол кезде біз өзіміздің Ванькамызды көрдік. Бұл бір мезетте пайда болған сүйіспеншілік сезімі еді. Біздің баламыз, біздің ұлымыз. Біз балалар үйінен бірден ЖИТС орталығына жүгірдік, өйткені Ваняның анасы ВИЧ індетін жұқтырған, ал Ваняның сау екені 50/50 болды. Бір жарым жылға дейін ананың денесінде антиденелер сақталып тұрса, Ваня есепте тұру керек. Содан кейін бәрі жақсы болуы мүмкін. Бір жарым жылдан кейін Ваня тіркеуден шығарылды және оның АИВ инфекциясына ешқандай қатысы жоқ болып шықты», - деп еске алады Анастасия.**

Балаларды іздеу мақсатында отбасы көптеген түрлі мекемелерге барды. Шелек ауылындағы мамандандырылған балалар үйіне барған кезде оларға алғаш рет Варяны көрсетті: «Біз дәл сол уақытта Ваняны алып кеткіміз келді, бірақ Варя да бізге жақын болып көрінді. Бізге «Ойланыңыз, балада ауыр диагноз бар» деп бірден айтты. Біз ЖИТС орталығына барғанда, ондағы мамандар бәрі қалыпты, өмір сүруге болатынын түсіндірді. Тек терапия қабылдау керек, сонда бәрі жақсы болады.

Осылайша Ваня мен Варя Алексей мен Анастасияның отбасының мүшелері болды. Біреу мұны тағдыр дер, біреу бұдан табиғи оқиғалар тізбегін көреді, бірақ бұл шынымен маңызды ма? Мұндай ғажайыптар қай кезде де сіз өзіңізге бақытты болуға мүмкіндік берген кезде болады. Басқалардың пікіріне мән бермеу қажет. Қазір Алексей мен Анастасияның отбасында күн сайын бір-біріне деген махаббат пен нәзіктік, жылулық пен қамқорлық бар. Варя мен Ваня өмірлері мүлдем басқаша болғанын ұмытып кетті. Олардың барлық қиындықтары мен бақытсыздықтары өтіп кеткен. Варя мен Ваня өздерінің ең сүйікті, ең қымбат балалары екенін біледі. Отбасында 10-21 жас аралығындағы 13 бала тәрбиеленіп, оның 12-сі асырап алынған Мұрат Қабылбаев өзінің «Маған аспанды көрсет» кітабында айтқандай, «Мен генетикаға сенбеймін. Балаларды қалай өсірсеңіз, олар солай еседі!».



БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ



«ХАБАР» ТЕЛЕАРНАСЫНДА  
«ЛӘЙЛЕК КҮНІ»  
ӘЛЕУМЕТТІК  
БАҒДАРЛАМАСЫ (ВИДЕО)

☎ **+7 727 267 66 46**

🌐 [www.usynovite.kz](http://www.usynovite.kz)

@ [yurist@detdom.kz](mailto:yurist@detdom.kz)

📘 [Facebook](#)

# «Балалар мен отбасын қолдау орталығы» жобасы

«SOS  
Қазақстанның  
балалар  
ауылдары» КҚ

Жоба Нұр-Сұлтан, Алматы және Теміртау қалаларындағы «SOS Қазақстанның балалар ауылдары» үкіметтік емес қоғамдық ұйымының базасында балалар мен отбасыларды қолдау орталықтарында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуді көздейді.

Негізгі мақсат – баланы тастап кету қаупі бар қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды анықтау арқылы әлеуметтік жетімдіктің алдын алу.

Жобаның қызметі қолайсыз отбасы мүшелерімен психотерапевтік консультациялар өткізу, сондай-ақ балалар үйлері мен патронаттық тәрбиешілер қауымдастығы арасында байланыс орнату арқылы қалыптасқан статистиканы азайтуға бағытталған.

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ  
Алматы, Теміртау және  
Нұр-Сұлтан қалалары

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ  
Асырап алушы отбасылар, әлеуетті  
асыраушы отбасылар, жетім  
балалар, ата-анасының  
қамқорлығынсыз қалған балалар

# Жобаның негізгі нәтижелері

Жоба аясында кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы **55 бала** қызмет алды

Қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларды анықтау бойынша білім басқармасымен бірлесіп **14 рейд жүргізілді**

## 18 ата-аналар клубы

187 ОТБАСЫН ҚАМТУҒА МҮМКІНДІК БЕРДІ

82

ОТБАСЫМЕН БАЛАЛАРДЫ КЕШЕНДІ ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ

Түзету көмегін қажет ететін **105 бала** тәрбиешілермен, коррекциялық мұғалімдермен қосымша дамыту сабақтары аясында арнайы курстан өтті

523

БЕНЕФИЦИАР ПСИХОЛОГТЫҢ ҚЫЗМЕТІН АЛДЫ

310

ПАТРОНАТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ ҮМІТКЕРЛЕР АЛҒАШҚЫ КЕҢЕС АЛДЫ

Қиын өмірлік жағдайдағы отбасылар туралы ақпарат алу мақсатында негізгі серіктестермен **18 кездесу өткізілді**

175

БЕНЕФИЦИАР ЗАҢГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІН АЛДЫ

Білім басқармаларымен бірлесіп, **17 мобильді топтың сапары** ұйымдастырылды

## 19 әйел мен 27 бала

ӨЗІН-ӨЗІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕҢГЕЙІНЕ ЖЕТКЕНГЕ ДЕЙІН ДАҒДАРЫСТЫ ӨМІР СҮРУ ЖӘНЕ СҮЙЕМЕЛДЕУ ҚЫЗМЕТТЕРІН АЛДЫ

Жобаның нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған немесе кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында жатқан **61 бала** биологиялық туыстарымен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік алды

162

ПАТРОНАТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ ҮМІТКЕР «ПАТРОНАТТЫҚ ТӘРБИЕШІЛЕР МЕКТЕБІ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КЕШЕНДІ ОҚЫТУДАН ӨТТІ

## Анастасия мен оның ұлы Артурдың оқиғасы

Анастасия күйеуімен ұлы Артур 5 жаста болғанда ажырасқан. Анастасияның тура сол кезде аяғы сынғандықтан, жұмысынан айырылып қалды, ал ұзақ емделу мен оңалту себебінен оның бұрын жинаған аз-маз ақшасы таусылды. Күйеуі алимент төлеген жоқ. Анастасия уақытша жұмыс істей алмады. Отбасы Анастасияның анасының азғантай ғана зейнетақысына күн көрді. Қаржылық қиындықтардан басқа, отбасында басқа да қиындықтар болды - кішкентай Артур өте бұзық еді.

Анастасияның танысы «SOS Қазақстанның балалар ауылдары» жанындағы балалар мен отбасын қолдау орталығына жүгінуге кеңес берді.

**«Әлеуметтік қызметкермен және психологпен әңгімелесу барысында мен өз өміріме және қалыптасқан жағдайға басқаша қарай алдым. Қордаланған мәселелерге байланысты үмітім үзілуге шақ қалды, қиналғандағымнан, маңызды мәселелерді шешуге көңіл бөле алмадым. Өзіме сенімім күн сайын төмендей берді. Болашағымның бұлыңғырлығы менің аяғыма тұрып, алға жылжуыма кедергі келтірді», - дейді Анастасия өзінің сол кездегі жағдайы туралы.**

Әйел әлеуметтік қызметкермен бірге өзекті мәселелерді жан-жақты талқылап, жағдайдан қалай шығуға болатыны туралы сөйлесті.

«Біз өмірімізді қалай жақсартуға болатынын кезең-кезеңімен жаздық. Жобада болған уақыт ішінде мен туыстарымнан көрмеген көмек пен қолдауды алдым», - деп атап өтті Анастасия.



Артурға мазасыздықты жеңуге психолог пен дефектолог көмектесті. Жақында ол дайындық мектебінде тиімді білім алғаны үшін дипломмен марапатталды. Оның жетістігі отбасын қуантады. Анастасияның езі психологпен әңгімелесудің арқасында ұстамды және сенімді бола бастады, оның өмірінде мақсат пайда болды.

«Анама деген көзқарас та өзгерді, енді бір-бірімізді сыйлау, қолдау көрсету өмірде өте маңызды екенін түсінеміз», - дейді ол.

Жоба заңгерінің қолдауымен отбасы жәрдемақы алуға құжаттарын рәсімдеді, ал Анастасия бұрынғы күйеуінен алимент алуға өтініш берді.

Отбасылық өмір біртіндеп жақсарып келеді. Анастасия жарақатынан айығып, зауытқа жұмысқа орналасты.

**«Мен өз болашағыма сенімдімін. Анам қасымда және мені қолдайды, бұл біздің өмірімізді жеңілдетеді. Мен отбасымдағы атмосфераның күрт өзгергенін сеземін. Біз ойланып, балаға көбірек уақыт бөліп, бір-бірімізді сыйлай бастадық. Жобаға алғаш келіп, өз мақсаттарымды жоспарлағанда, әрине, қорықтым. Бәрі ойдағыдай болатынына толық сенбедім. Ал енді өміріңді жақсартуға деген үлкен ұмтылыс, мақсатқа жетуге деген талпыныс болса, бәрі де мүмкін екенін көріп отырмын. Балалар мен отбасын қолдау орталығына абдырап қалған және осындай өмірлік жағдайға тап болған адамдардың игілігі үшін көмектескеніне рахмет айтамын», - дейді Анастасия.**

“

«Балалар отбасында өсіп, өмірлік жағдайларға байланысты ата-анасынан айырылмауы керек. Сондықтан, біздің мақсатымыз - отбасыларға қиын өмірлік жағдайлардан шығуға көмектесу және болашақта ата-аналарды кедергіні өз бетімен жеңуге үйрету. Біз, сондай-ақ ата-ана құқығынан айырылған балалар мен ата-аналар арасындағы сенім мен сүйіспеншілікті қалпына келтіру арқылы отбасылардың қайта қосылуына көмектесеміз. Жоба жұмысының арқасында 2021 жылы 749 бала отбасыларында қалды. Интернатта тұрған тағы 75 бала отбасына оралды.

2022 жылы «Samruk-Kazyna Trust» қорымен бірлесіп «Балалар мен отбасы қолдау орталығы» жобасын іске қосқанымызға 5 жыл толады. Осы уақыт ішінде бізге Алматы, Нұр-Сұлтан және Теміртау қалаларынан мыңнан астам отбасы жүгінді.

Тегін психологиялық кеңестер мен әлеуметтік қызметтер арқылы ерте кезеңде біз отбасыларға жақынырақ және сенімді болуға көмектесеміз, отбасының бұзылуына және балалардың ата-аналарынан бөлінуіне жол бермейміз. Отбасын біріктіру және асырап алушы ата-аналармен жұмыс істеу балалар үйлері тәрбиеленушілерінің азаюына ықпал етеді.

Сондықтан жоба тек отбасылар үшін ғана емес, жалпы ел үшін де үлкен әлеуметтік-экономикалық маңызға ие».

## Байланыс ақпараты



**+7 717 234 51 36, 34 52 68**  
(Нұр-Сұлтан)

**+7 727 313 25 71, +7 701 675 58 60**  
(Алматы)



ГҮЛЖАН АСАНОВА,  
«SOS ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЛАЛАР  
АУЫЛДАРЫ» КҚ ДИРЕКТОРЫ



«SOS ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
БАЛАЛАР АУЫЛДАРЫ»  
- 25 ЖЫЛДАҒЫ ШОЛУ  
БЕЙНЕСІ

[www.sos-kazakhstan.kz](http://www.sos-kazakhstan.kz)

[kinderdorf@sos-kazakhstan.kz](mailto:kinderdorf@sos-kazakhstan.kz)

[Facebook](#)

[Instagram](#)

AIKYN.KZ САЙТЫНДАҒЫ МАҚАЛА



Журнал Сұрақтарға жауаптар Біздің серіктестер Оқиғалар күнтізбесі Байланыс

## Сіздің жеке онлайн- психологыңыз

Кез келген уақытта, кез келген  
мәселе бойынша кеңес алыңыз

Жасөспірімдерге кеңес беру

Ата-аналарға кеңес беру

Жасөспірімнің көмегі

Жалпы кеңес  
беру саны

47534

## Қазір сұраныс қалдырыңыз

Кәсіби мамандармен тікелей байланыса аласыз - бізге [WhatsApp](#)  
арқылы жазыңыз, біз сізге міндетті түрде көмектесеміз

# «JANYUM» жобасы

«JANYUM» қоғамдық  
бірлестігі

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан Республикасы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Қазақстан Республикасының балалары мен  
жасөспірімдері (18 жасқа дейінгі)

«JANYM» - балалар мен жасөспірімдерге, сондай-ақ ата-аналарға (олардың жасөспірім балаларына қатысты мәселелер бойынша) тегін және құпия психологиялық көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік жоба.

Жасөспірімдер күйзелісі – балалық және жасөспірімдік кезеңде ересектердегі депрессиядан ерекшеленетін және ата-аналар мен мұғалімдер мойындай қоймайтын эмоционалдық тұрақсыздықтың бір түрі.

Жасөспірімдер өмір мәнін, басқа да құндылықтарды жоғалтуды бастан кешіргенде, назардың жетіспеушілігін сезінгенде, оқуда проблемалары бар кезде, мінез-құлық бұзылыстары болған жағдайда депрессияның жоғарылау қаупі бар.

Жоба қазақстандық қоғамдағы жасөспірімдер арасындағы келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

- Тұрмыстық зорлық-зомбылық
- Суицидтер
- Буллинг
- Қылмыстар мен құқықбұзушылықтар
- Отбасындағы проблемалар
- Репродуктивті және жыныстық денсаулық





“

«Біз түрлі келеңсіз жағдайда тегін психологиялық қолдау көрсету және ресурстық ақпарат өрісін құру арқылы Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау көрсеткіштерін төмендетеміз. Біздің серіктесіміз – 150 сенім телефоны. 18 жасқа дейінгі балалармен, жасөспірімдермен және олардың ата-аналарымен бала тәрбиесі мәселелері бойынша жұмыс істейміз. Психологтар барлық өтінішті janum.org сайты арқылы қабылдайды. Нысанды толтырғаннан кейін өтініш CRM жүйесі арқылы кеңесші психологтарға жіберіледі. Одан әрі тәжірибелі маман өз құзыреті шегінде психологиялық қолдау мен көмек көрсетеді».

НАТАЛЬЯ КЛЮЖИНА «JANUM» ҚБ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ

## Жоба командасының құрамында:

**18**

ПСИХОЛОГ

**2**

САРАПШЫ

**4**

КОЛЛ-ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ОПЕРАТОРЫ –  
ЖОҒАРЫ САНАТТЫ ТӘЖІРЕБЕЛІ  
ДӘРІГЕРЛЕР БАР

**7**

ВОЛОНТЕР

Жоба сарапшылары – ҚЖРДҚ (Қазақстандық жыныстық және репродуктивті денсаулық қауымдастығы) басшысы Галина Гребенникова және акушер-гинеколог, медицина ғылымдарының кандидаты Жанерке Әжетова

strategy2050.kz сайтындағы мақала



2021 жылы 15 174  
кеңес берілді

Жасөспірімдерге - 12 972  
Ересектерге - 218

## Оның ішінде:

- 460 суицидтік мінез-құлық туралы
- 342 зорлық-зомбылық туралы
- 80 іс одан әрі әрекет ету үшін 150 қызметіне («Дағдарыс орталықтары одағы» ЗТБ сенім телефоны) жіберілді
- 14 292 мынадай мәселелер бойынша: қорқыту, жеке өсу, психоэмоционалдық сала, өлім, жоғалту, тәуелділік (құмар ойындары, аниме, есірткі, анорексия, булимия), кәсіптік бағдар беру, ҰБТ, отбасылық қарым-қатынас, өзіне зиян келтіру, жыныстық бағдар және т.б.



ЖОБАНЫ БАСТАУҒА  
АРНАЛҒАН БАСПАСӨЗ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ  
(ВИДЕО)

Жобаның 18 психологының қатысуымен 6 кездесуді медицина ғылымдарының кандидаты А.Л.Катков өткізді.

Психологтар біркелкі жұмыс істейтін, әрбір өтінішті өңдеу CRM-жүйесімен жабдықталған кабинеттермен қамтамасыз етілген. Сайтқа тұрақты техникалық қолдау көрсетілуде.

Здравствуйте 😊 хотела бы оставить отзыв) безумно благодарна, что нашла вас, особенно Бикеш, которая помогла мне 💜 столько волновалась, столько плакала. И всего за пол часа стало намного лучше. Спасибо вам 💜💜💜💜🌈

Тегін және сапалы көмектеріңізге үлкеен рақмет! ❤️❤️❤️

Здравствуйте, сегодня утром была консультация с психологом Сания по поводу панических атак. Огромное ей спасибо, помогла восстановить внутренний ресурс после всего этого. Огромное спасибо и вам, что есть такая возможность- обратиться за помощью ❤️

Саламатсыздар ма, сіздердің ұжымдарыңызға шексіз алғысымды білдіремін. Жарты сағаттың ішінде өзімнің психологиялық проблемамды шешіп алдым. Көп рахмет ❤️❤️❤️❤️❤️❤️❤️ Еңбектеріңіз жана берсін ❤️❤️❤️❤️❤️❤️

Кеш жарық!  
Көмектеріңізге үлкен рақмет!  
Жан дүнием жеңілдеп қалды 😊  
Бәрі өз қолымда екеніне көзім жетті. 🙌

Здравствуйте! Я бы хотела оставить отзыв! Благодарю психолога Маншук ❤️ спасибо ей ❤️ она выслушила меня, поддержала и сказала нужные слова в нужную минуту ❤️ мне нужна была поддержка, мотивация ❤️ Благодарю её, потому что я сейчас не плачу, а танцую, потому что верю в себя и в своё будущее 😭❤️ очень благодарна этой организации за то, что создали её ❤️ спасибо вам ❤️ спасибо большое ❤️ потому что.. Что бы делали подростки без вас ❤️ было очень легко и уютно на консультации ❤️

### Байланыс ақпараты

- ☎ +7 708 651 76 73
- 🌐 [www.janym.org](http://www.janym.org)
- @ [info@janym.org](mailto:info@janym.org)
- 📘 [Facebook](#)
- 📷 [Instagram](#)
- 📺 [Vkontakte](#)
- 🐦 [Twitter](#)
- 🎵 [TikTok](#)
- 📩 [Telegram](#)

[vestisemey.kz](#) сайтындағы мақала  
[strategy2050.kz](#) сайтындағы мақала

# «ЖЕҢІС» жобасы

«Samruk-Kazyna Trust» КҚ

## ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстанның 35 қаласы мен ауданы

## МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Ұлы Отан соғысының ардагерлері,  
тыл еңбеккерлері

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстанда 387 Ұлы Отан соғысының қатысушысы мен мүгедек тұрады.

Бір жыл бұрын елімізде 665-тен астам ҰОС қатысушысы мен мүгедегі өмір сүрген. Сондай-ақ, 1 сәуірдегі мәлімет бойынша, Қазақстанда ҰОС жеңісіне үлес қосқан 72 468 азамат тұрады.

«Жеңіс» қайырымдылық жобасын жүзеге асырудың басты мақсаты - Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен көмекке мұқтаж майдангерлерді әлеуметтік-тұрмыстық қолдау.

Волонтерлер желісі 650-ден астам еріктіден тұрады және еліміздің Нұр-Сұлтан қаласынан Ақсайға дейінгі барлық өңірлерінде жұмыс істейді. Жоба еріктілері өз қамқорлығындағы азаматтарға әртүрлі қолдау көрсетеді: олар азық-түлік пен дәрі-дәрмек әкеледі, кішігірім жөндеу немесе аумақты тазарту жұмыстарын жүргізе алады.

Волонтерлер қатарына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері мен Қазақстанның белсенді азаматтары кіреді.



# Жобаның 2021 жылғы негізгі нәтижелері



«ЖЕҢІС» ЖОБАСЫ ЕРІКТІЛЕРІНІҢ  
2021 ЖЫЛЫ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ  
ТУРАЛЫ БЕЙНЕ-ЕСЕП

Волонтерлер ҰОС ардагерлеріне медициналық тексерулер жасады, тұрмыстық көмек көрсетті, үй аумақтарын жинау, дуалдарды сырлау, кілемдер мен жұмсақ жиһаздарды тазалау, шатырды жылыту, отын дайындау және өзге де өзекті және керекті мәселелерді шешті.

Карантиндік шектеулерге байланысты қатынастардың көпшілігі қажетті өнімдерді байланыссыз жеткізу сипатында өтті.

Ерекше қажеттіліктері бар ардагерлер тұрмыстық техникамен, жиһазбен және мүкәммалмен, оның ішінде есту аппараттарымен, мүгедектер арбаларымен, мультиваркалармен, теледидарлармен, тоңазытқыштармен, қысқа толқынды пештермен, су жылытқыштармен және т. б. қамтамасыз етілді.

## 2 153

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ  
МЕН ТЫЛ ЕҢБЕККЕРІ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ  
ҚОЛДАУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛДІ

## 6 697

ЕРІКТІЛЕР РЕЙДІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
35 ҚАЛАСЫ МЕН АУДАНДАРЫНДА  
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

## 650

ВОЛОНТЕР АРДАГЕРЛЕРГЕ КӨМЕК  
КӨРСЕТУ ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Қазақстан  
Республикасының  
**35 елдімекені**

## Қиындыққа толы уақыттағы қолдау шаралары маңызды

2015 жылдан бастап Қазақстанда «Жеңіс» жобасы жұмыс істеп келеді, онда бүкіл елдің еріктілері қарт адамдарға жан-жақты көмек көрсетеді. 2021 жылы волонтерлер Қазақстанның барлық өңірлерінде ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне 6 700-ге жуық рейд жүргізді.

Рудный қаласында еріктілердің жұмысын үйлестіретін Әсел Әбішева бұл қызметті неге ұнататынын және оның неліктен маңызды екенін айтып берді.

**«Біздің қаламызда 30 ерікті белсенді жұмыс істейді, қалғандары уақыт пен мүмкіндік болған кезде қосылады. Олар – нақты өмірлік ұстанымы бар және немқұрайлы емес қарапайым азаматтар. Әдетте, біз әкімдіктер мен ардагерлер кеңестерінен ардагерлер мен тыл еңбеккерлерінің тізімін сұраймыз, содан кейін олардың үйлерін аралап шығамыз», - деді Әсел.**

Ол үйлеріне еріктілер іздеп барған кездегі ардагерлердің қуанышын ешнәрсемен салыстыруға келмейтіндігін айтады.

**«Әр үйге кірген сайын мен әрдайым қобалжып тұрамын. Өйткені, ардагерлер бізді күтеді, бізден қуанышты алады. Кейбіреуі көз жасына ерік беріп жатады. Олар бізге «Қарияларды ұмытпай, еске алғандарыңа ризамыз» деп жиі айтады. Мұндай жағдайлардың орын алуы тіпті өкінішті. Оларға қарап өз көз жасымды да ұстай алмай қалатын сәттер болады. Жақында біз бір әженің үйінде болдық. Ол мүлдем жүре алмайды, тек қана жатады. Аптасына екі рет тек әлеуметтік қызметкер кіреді, басқа ешкім бармайды оған. Осындай нәрсені көргенде, жүрегің езіледі. Біз болсақ, қолымыздан келгеннің бәрін жасаймыз», - деп қосты Әсел.**



Ардагерлер кейде жалғыз, кейде балалары мен немерелерінің қолында тұрады. Алайда, қай-қайсы болса да еріктілерді жылы сөздерімен қарсы алып, әрдайым алғыс айтады, өз әңгімелері мен бастарынан өткен оқиғаларымен бөліседі.

Әселдің ізгі істегі әріптесі – Павлодарда тұратын Темірлан Адиев те біраз қызықты әңгімелерімен бөлісті:

”

«Бір кездері біз Аргат Павел Петровичтің пәтеріне келдік. Оның әңгімелері мені таң қалдырды. Соғыс кезінде ол Берлинге дейін жетіп, басына гранатаның жарықшағы тиген екен. Дәрігерлер оған Қазақстанның климаты пайдалы екенін айтып, Павлодарға көшуге кеңес берген. Қазір ол жалғыз тұрады, әке-шешесі мен ағасы бұрын қайтыс болған. Павел Петрович медальдарын көрсетіп, өзінің ерліктері туралы мақтанышпен айтып берді. Бірақ сонымен бірге ол жалғыздықтан шаршағанын айтып шағымданды. Осының бәрін біз оған барған алғашқы сапарымызда-ақ білдік. Екінші рет барғанымызда, біз оның қарттар үйіне көшіп, пәтерін өзінің ең жақсы досына қалдырып кеткенін анықтадық. Енді өзін бақытты сезінеді – жаңа достар тапқан».

«Жеңіс» жобасы аясында еріктілер қарттар үйіне де барады.

”

«Біз тек келіп қана қоймай, кішігірім импровизациялық концерттер де дайындап жүреміз. Жігіттер домбырада немесе гитарада ойнап, қарттармен бірге ән салып, би билейді. Бұл біз үшін ұмытылмас оқиға болып саналады әрі тәжірибе», - деді Темірлан.

Дәуренбек Ишимов осыдан бір жыл бұрын волонтер болып, содан бері 200-ден астам рейдтерге қатысқан. Жас жігіт Орал станциясының вагондарға техникалық қызмет көрсету пунктiнiң бастығы болып жұмыс істейді.

”

«Менің ерікті болған себебім, өз өмірімде жаңа және қызықты нәрсені көргенді ұнатамын, ал еріктілік - көптеген жаңа эмоциялар беретін жұмыс. Еріктілер ештеңе талап етпей, өз ісіне толығымен кірісіп еңбек етеді. Олар үшін көбінесе материалдық жағдай емес, нәтиже маңызды: адамдардың күлкісі, басқалардың қуанышы, олардың ризашылығы», - дейді Дәуренбек.

«Жеңіс» жобасының арқасында мыңдаған қарт адамдар қажетті қолдауға ие болуда. Алайда, мұнда одан да маңыздысы – адамның қарапайым назары.

Қарт адамдармен жүректеріне жиналған мұң мен қуаныш туралы сөйлескенде, еріктілер ең бастысы - шынайы көңіл-күй сыйлайды. Бұл – баға жетпес қазына.



## Байланыс ақпараты

[www.zhenys.kz](http://www.zhenys.kz)

[@ zhenysproject@mail.ru](mailto:zhenysproject@mail.ru)

[Facebook](#)

[Instagram](#)

24.KZ САЙТЫНДАҒЫ МАҚАЛА

ALMATY.TV САЙТЫНДАҒЫ МАҚАЛА

# «Тағзым» жобасы

«Ардагерлер  
кеңесі» РҚБ

ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстанның 17 аймағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

ҰОС ардагерлері мен  
тыл еңбеккерлері



Жоба қарт адамдарға, ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне қамқорлық пен әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған

## Жобаны іске асыру аясында

### – 001

Орталық кеңестің қызметкерлері аймақтық ардагерлер кеңестеріне жарғылық қызметтің қандай да бір мәселелері бойынша кеңес берді. Карантин режиміне байланысты орталық кеңес әлеуметтік желілер арқылы филиалдармен ынтымақтастық орнатты, телефон арқылы кеңес беру жүргізілуде.

### – 003

Республика ардагерлерінің кеңестері ардагерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, қоғамдық, мәдени және спорттық белсенділікті арттыруға, оларды қызығушылықтары бойынша клубтарға, көркемөнерпаздар үйірмелеріне, спорттық іс-шараларға, шахматқа, дойбыға және т. б. тарта отырып, үлкен көңіл бөлді.

### – 002

«Дәнекер» жобасы аясында ардагерлердің қатысуымен 3091 татуласу шарасы жүзеге асырылды (ҚР-да 1595 қоғамдық медиатор бар).

### – 004

Өңірлердегі ардагерлер кеңестері 7 пленум, 24 Төралқа отырысын, 127 ардагерлер жиналысын, 1287 белсенділерді қамтып, 18 семинар, бастауыш ұйымдардың төрағаларымен 12 семинар өткізді. Аудандық кеңес соғыс ардагерлерін, тыл еңбеккерлерін мерейтойлық даталарымен үнемі құттықтайды (70; 75; 80; 85; 90; 95; 100-жасқа толғандарымен).

## 2021 жылы тағы не істелді?



– 14 шілдеде «Ардагерлер кеңесі» РҚБ Орталық кеңесінің VI пленумы өткізілді;

– 1 қазан - Халықаралық қарттар күнінде барлық жерде ардагерлерге құрмет, сондай-ақ материалдық көмек көрсетілді;

– 15 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында онлайн-режимде «Ардагерлер кеңесі» РҚБ VIII съезі өтті, оған 101 делегат сайланды;

– 10 қарашада «Ардагерлер кеңесі» РҚБ төрағасы «Тәуелсіз Мемлекеттер ардагерлері (зейнеткерлері) қоғамдық ұйымдарының достастығы» халықаралық одағы VIII съезінің жұмысына қатысты;

– 1 және 16 желтоқсанда ардагерлер түрлі ерекшелік белгілерімен марапатталды.

## Астана маңындағы «Интернациональный» тұрғын алабында 430 қарт тұрады

Олардың арасында ҰОС ардагерінің 86 жастағы жесір әйелі Комарова Надежда Александровна бар. 1954 жылы Мәскеу облысынан 18 жасар қыз бұрынғы «Сталин жолы» колхозына комсомол жолдамасымен келген. Қазір бұл колхоз «Интернациональный» ТА деп аталды. Осында жұмыс істеп, зейнетке шықты.

Осыдан жеті жыл бұрын, Ұлы Отан соғысына қатысқан күйеуі қайтыс болғаннан кейін, ол жалғыз қалды. Надежда Александровнаның қорасы құлап, қирап қалған екен, баратын дәретханасы жоқ, отын, көмірі де таусылған. Үйі еріген қар суының астында қала бастады. Оны тек көктем мен жаз бойы өзі еңбек ететін бақшаның өнімдері құтқаратын. Алғашқы көмекке М.А.Коразова басқаратын ардагерлер ұйымы келді. Көмек шеңберінде көмірге арналған жаңа қора салу ұйымдастырылды, үйге іргелес аумақты абаттандыру, үйдің шатырын жөндеу жүргізілді.

Зейнеткерге тұрақты негізде көмір жеткізілді, қысқа отын дайындалды. Елордалық цирктің еріктілері мен жастары қар тазалауға көмектесті. Барлық мерекелік күндері Надежда Александровнаға азық-түлік себеттері беріледі.



## Байланыс ақпараты

☎ **+7 717 255 75 56, +7 717 255 69 89**

🌐 [www.gsv.kz](http://www.gsv.kz)

📘 [Facebook](#)

👍 [Vkontakte](#)

# «Егемен елдің қазынасы – Достояние суверенной страны» жобасы

Н.А.Марабаев атындағы  
«Мұнайшы» ҚҚ

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау,  
Батыс Қазақстан, Алматы  
мен Шымкент қалалары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА БҰРЫНҒЫ КСРО-ДА 20 ЖЫЛДАН АСТАМ ЖҰМЫС ІСТЕГЕН АЗАМАТТАР, СОНДАЙ-АҚ АТАЛҒАН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚҰРАМЫНА КІРГЕН СЕРВИСТІК БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ; ПАРТИЯЛЫҚ, КЕҢЕСТІК, КОМСОМОЛ, КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫНА САЙЛАНБАЛЫ ЛАУАЗЫМДАРДА БОЛҒАН МҰНАЙ-ГАЗ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ; ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ ӨНЕРКӘСІБІ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖӘНЕ БҰРЫНҒЫ КСРО-ДА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДА ЕҢБЕК ЕТКЕН, ЗЕРТТЕУ, ЖОБАЛАУ ҰЙЫМДАРЫ, МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЖҰМЫС ІСТЕГЕН АДАМДАР «МҰНАЙШЫ-АРДАГЕР» АТАНАДЫ.

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Ардагер мұнайшылар

Жоба мұқтаж мұнайшы-ардагерлерге олардың өтініштеріне сәйкес ай сайынғы атаулы қайырымдылық көмек көрсетуге бағытталған: емделуге, операциялар жүргізуге, ардагер қайтыс болған жағдайда, мерейтой күндерін өткізуге және т. б.

# Мұнайшы ардагерлерге ұзақ мерзімді негізде қайырымдылық материалдық көмек түрінде көрсетіледі



2021 жылы атаулы ай сайынғы қайырымдылық көмекті ҚР келесі облыстарындағы 111 мұнайшы-ардагер алды:

**24 адам**

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

**27 адам**

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

**24 адам**

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

**23 адам**

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

**13 адам**

АЛМАТЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫ

“

«Мұнайшы» қорының миссиясы мұнайшы-ардагерлерге материалдық және моральдық көмек көрсету, сондай-ақ Қазақстанның мұнай жылнамасын қалпына келтіру жұмыстары болып табылады.

Қорымыздың негізгі миссиясын жүзеге асыру мақсатында біз 2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Егемен елдің қазынасы – Достояние суверенной страны» жаңа жобасы аясында «Samruk-Kazyna Trust» КҚ-мен ынтымақтастықты жалғастырдық.

«Ел қариясы – ел қазынасы» («Старцы – достояние народа») – халық даналығы. Мұнай өнеркәсібін, тәуелсіз республикамыздың экономикалық қуатын дамытуға үлкен үлес қосқан ардагерлер – бұл бүкіл елдің игілігі, олар мұнай мен газдың жаңа кен орындарын ашып, ел үшін «қара алтын» өндірген батырлар. Сала ардагерлерінің әрқайсысы еліміздің мұнай эпопеясына өз үлесін қосты. Біздің міндетіміз – көмекке және қолдауға мұқтаж адамдарға көмектесу.

Бұл жоба бүкіл әлем пандемияға байланысты дағдарысты бастан кешіп жатқан кезде өте өзекті деп санаймын. Әсіресе аға буын өкілдеріне ауыр тиеді, мұндай жағдайда ардагерлерімізді материалдық қолдаусыз қалдыру әділетсіз болар еді».



**РАХМАН ИСАЕВ,**

«МҰНАЙШЫ» ҚҚ АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ, ҚАМҚОРШЫЛЫҚ  
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

## Мұхит Әбдірахманов, мұнай саласында 40 жылдан астам еңбек өтілі бар ардагер



“

«Мен қазіргі уақытта зейнет жасындамын, бірақ мұнайшы достарыммен байланыстамын. Марабаев Н.А. атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының арқасында біз Қазақстанның құрметті мұнайшылары – серіктестерімен жиі кездесеміз, осылайша мұнай саласындағы оқиғалардан хабардармын.

Денсаулығымның нашарлауына және қымбат емдеу шараларының қажеттілігіне байланысты мен басшылықтан көмек сұрадым. Қор маған қолдау көрсетті. 2018 жылдан бастап осы күнге дейін денсаулығымды сақтау үшін қордан ай сайынғы қайырымдылық көмек аламын.

Құрылтайшылар «Мұнайшы» жұмысына ең тәжірибелі өндіріс басшыларын, көрнекті ұйымдастырушыларды, мұнайшы ғалымдарды және облыстық, республикалық ауқымдағы бұрынғы басшыларды тарта алды.

Қаржылық дағдарысқа қарамастан, «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту корпоративтік қорының әлеуметтік-гуманитарлық қызметі 2021 жылы жыл бойы мұнайшылардың түрлі ұрпақтарының байланыстары мен сабақтастығын нығайтуға, кәсіптің беделін қолдауға бағытталғаны қуантады. Ардагерлердің өздері мойындағандай, баға мен өмір сүру құнының тұрақты өсуі кезеңіндегі көмек олардың отбасылық бюджетінің ажырамас бөлігіне айналды, сол үшін олар алғыс білдіреді.

Қордың атаулы көмегі тек аға буын мұнайшы-ардагерлерінің өмір сүру деңгейін көтеруге ғана оң ықпал етіп қоймай, олар үшін зор моральдық демеу болады, өйткені олар ұрпақтардың байланысын сезінеді және Қазақстанның мұнай қоржынына қосқан үлестері ұмытылмағанын мақтан тұтады».

---

## Байланыс ақпараты

☎ **+7 701 819 11 59, +7 727 264 38 54**

🌐 [www.munayshy.kz](http://www.munayshy.kz)

@ [of\\_munayshhy@mail.online.kz](mailto:of_munayshhy@mail.online.kz)

📷 [Instagram](#)

# «Бақыланатын гипотермия» инновациялық жобасы

«Аяла» жеке қайырымдылық қоры» ЖҚ

ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Қарағанды облысындағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Қарағанды облысының босанудағы орташа-ауыр және ауыр гипоксиядан туындаған (жекелеген аймақтарда немесе жалпы ағзада оттегі деңгейінің төмендеуі), оның ішінде асфиксия нәтижесінде (тыныс алу жүйесі жұмысының бұзылуы, соның салдарынан оттегі ашығуы пайда болады) гипоксиялық-ишемиялық энцефалопатиясы бар жаңа туған балалар.

Жыл сайын тек Қарағанды облысында 19 мың бала дүниеге келсе, оның 7 пайызға жуығы шала туған нәрестелер екен. Оларға негізгі көмекті 6 перинаталдық орталық көрсетеді.

Олардың бірі облыстық клиникалық аурухана базасында жұмыс істейді және жыл сайын 5000-ға жуық босануды қабылдайды – іс жүзінде облыстың барлық аймақтарындағы (9 қала және 9 аудан) қауіпті топтағы жүкті әйелдер сонда емделеді.

2020 жылы клиникалық ауруханада орташа және ауыр асфиксиямен 100-ге жуық сәби дүниеге келді.

Олардың барлығына терапевтік гипотермия қажет болды, бірақ ауруханада бұл үшін арнайы жабдық жоқ. Сондықтан ол импровизацияланған құралдармен жасалды.

AYALA қайырымдылық қорының «Samruk-Kazyna Trust» қолдауымен жүзеге асырып жатқан «Бақыланатын гипотермия» жобасы жағдайды өзгертуге күш салады. Мәселен, осы бастаманың аясында 2021 жылы Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының «Областық клиникалық ауруханасы» КМК жаңа туған нәрестелердегі гипоксиялық-ишемиялық энцефалопатияны жедел емдеуге арналған медициналық құрал-жабдықтар сатып алынып, орнатылды, бұл Қарағандыда нәресте өлімін төмендетуге көмектесті.

Балқаштық Рыспек Салтанат қызының дүниеге келгенін көз жасынсыз есіне түсіре алмайды. Әдемі есімді нәресте ауыр гипоксиямен - оттегі ашығуымен туылды. Бала амниотикалық сұйықтықты жұтып қойғандықтан, өздігінен тыныс ала алмады. Оқиғаның арты кинодағыдай өрбіді – ертеңіне Әдемі ұшақпен Қарағандыға, облыстық клиникалық аурухананың перинатология орталығына жеткізілді. Онда мұндай балаларға көмектесетін терапиялық гипотермияға арналған аппараттық кешен бар.

**«Ол қозғалмады, көзін аша алмады. Әдемі реанимация бөліміндегі гипотермия аппаратына қосылды. Бір аптадан кейін өзім Қарағандыға келдім, оған дейін мені Балқаш перзентханасының дәрігерлері жібермеді», - дейді Салтанат.**

Арада бір аптадан кейін Әдемі өздігінен қозғалып, дем алатын болды. Қазір жағдайы жақсы: Балқашта, анасымен бірге үйінде.

Осындай оқиға Жантөре Жансәуленің баласы – кішкентай Әмірдің басынан да өтті. Ол да амниотикалық сұйықтықты жұтып қойып, туғаннан кейінгі алғашқы күндер қорқынышты түс сияқты өтті. Бала өкпенің жасанды вентиляциясына қосылған гипотермиялық аппаратта жатқан.



**«Реанимацияда маған оған күтім жасауға рұқсат етілді. Мен оған жөргектерді ауыстырып, бірнеше сағат бойы қарап жүрдім, оның аппаратта қалай жатқанын көрдім. Мен мұндай құрылғыларды тек кинода көргендіктен қорқатынмын. Оның денсаулығы үшін Жаратқанға дұға еттім», - деп еске алады анасы.**

Ең бастысы, жаңа туған нәрестелерді қандағы оттегінің жетіспеушілігінен туындаған мидың зақымдануынан құтқару керек. Ол үшін олар дене температурасын бірте-бірте төмендету керек, бұл асқынуларды болдырмауға көмектеседі. Сонымен қатар, балаға ми жұмысын, тыныс алуды және жүрек жұмысын ынталандыратын дәрілер беріледі. Көптеген перинаталдық орталықтарда гипотермия әлі де «аталық» әдістерімен жасалады: олар нәрестені суық сумен немесе мұзбен толтырылған медициналық қолғаппен жабады. Бұл аса салқындауға және баланың денсаулығы үшін басқа да жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін. Көрсеткіштерді өлшейтін жоғары дәлдіктегі жабдық мұндай тәуекелдерді минимумға дейін азайтады.

**«Менің туған күнім еді. Реанимацияға кіріп барсам, құрылғы өшірулі тұр. Медбикеге жүгіріп барып, «Сіз менің ұлымды ұмытып кеткен сияқтысыз!?!», деп жылап жібердім. Олар маған бәрі жақсы деп жауап береді! Балаларымызды құтқару үшін құрал-жабдық сатып алып, тапсырған дәрігерлерге, медбикелерге алғысымды білдіремін», - дейді Жантөре Жансәуле.**

«Гипоксия – бұл нәрестелерде өте кең таралған диагноз», дейді дәрігерлер. Мұның себептері әртүрлі болуы мүмкін: ананың бойындағы түрлі аурулар, резус қақтығысы, плацентаның мерзімінен бұрын жетілуі, кіндіктің айналуы, темекі шегу, қолайсыз экология.

Сондықтан Қазақстанның барлық перинаталдық орталықтары автоматты басқарылатын гипотермия аппараттарымен жарақтандырылуы тиіс.

Қазіргі уақытта терапиялық гипотермия аппаратының және ЭЭГ (электроэнцефалография) аппаратының арқасында Қарағанды облысының №1 перинаталдық орталығында ауыр және орташа ауырлықтағы асфиксияда туған нәрестелерге толыққанды және тиімді көмек көрсетіледі, қолайсыз нәтижелер барынша азайтылып, аталған балалардың болжамы жақсарады, болашақта өмір сапасы айтарлықтай артуда.

”

«Персонал үшін мұндай жабдық олардың жұмысында үлкен жеңілдік болып табылады. Бұрын бұл процесс өте ауыр болатын. Біз барлығын қолмен жасадық: суды салқындаттық, оны дұрыс диапазонда ұстау үшін температураны бақылап отырдық. Қазір бәрі автоматтандырылған. Біздің кішкентай пациенттер үшін, әсіресе асфиксиямен ауыратын науқастар үшін гипотермия аппаратымен терапияның нәтижесі өте қолайлы. Ауыр асфиксияны бастан өткерген балалар орталық жүйке жүйесін зақымдайды. Бірақ автоматты гипотермияның арқасында біз неврологиялық көріністерді барынша азайтып, сәбилердің толыққанды салауатты өмір сүруіне мүмкіндік береміз», - дейді Қарағанды облыстық ауруханасының перинатология орталығының меңгерушісі Гүлнәр Ғалиева.

Жобаны жүзеге асыру кезеңінде ауыр және орташа асфиксиямен туған және осы әдіске көрсеткіштері бар 7 жаңа туған нәрестеге терапиялық гипотермия сеансы жүргізілді.

Бұл балаларда босану кезінде орталық жүйке жүйесінің зақымдануынан туындаған гипоксиялық-ишемиялық энцефалопатия процестеріне байланысты мүгедектік көрсеткіші төмендеді.




**Барлық 7 бала өз отбасыларына аман-есен және аз кінәраттармен оралды**


«Босану кезіндегі асқынулардан кейін функционалдық және интеллектуалды сау болып қалатын әрбір бала мемлекеттің, дәрігерлердің, қорлардың және қоғамның орасан зор күш-жігерінің нәтижесі болып табылады. 15 жылдан бері біз Қазақстандағы сәбилер өлімі мен мүгедектігін азайту үшін аурухананың жансақтау бөлімдеріне заманауи қондырғыларды орнатып жатырмыз.

Нәтижесінде жүздеген мың адамның өмірін сақтап қалдық. Біздің қор еліміздегі ең озық медициналық әдістерді енгізуге көмектесуге тырысады. Соңғы 5 жылда біз перинаталдық орталықтарды автоматты басқарылатын гипотермияға арналған жабдықтармен қамту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз.

Ірі демеушілердің қолдауымен осындай аппараттық кешендерді Нұр-Сұлтан қаласындағы Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығына, Алматы қаласындағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығына, Атырау, Түркістан, Семей қалаларындағы облыстық перинаталдық орталықтарға орнаттық. Біз «Бақыланатын гипотермия» жобасының бас серіктесі «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорына кішкентай қарағандылықтардың өмірі мен ақыл-ойын сақтап қалуға көмектескені үшін алғыс айтамыз», - дейді AYALA қайырымдылық қорының президенті Айдан Сүлейменова.



## НОВОТВ.КZ САЙТЫНДАҒЫ МАҚАЛА



Байланыс ақпараты

☎ **+7 717 279 90 20,**  
**+7 777 364 26 43**

🌐 [www.ayala.kz](http://www.ayala.kz)

@ [info@ayala.kz](mailto:info@ayala.kz)

📘 [Facebook](#)

📷 [Instagram](#)

📺 [Youtube](#)

# «Балаларды оңалту орталығын құрал-жабдықтармен қамту» жобасы

## «Улыбка» жеке балалар қайырымдылық қоры

Петропавл қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы

### МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

СҚО балалары

### МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- Балалар неврологиясы
- Балалар травматологиясы
- Балалар ортопедиясы
- Балалар кардиологиясы

2021 жылы Петропавл қаласындағы көпсалалы облыстық балалар ауруханасында сауықтыру және медициналық оңалту бөлімі ашылды. Бөлім жыл сайын Солтүстік Қазақстан облысының түкпір-түкпірінен 600-ден астам балаға қызмет көрсетеді.

Бұрын оңалту емі негізінен физиотерапиялық блок есебінен жүргізілетін. Дегенмен, балаларды оңалтуға деген күннен-күнге өсіп келе жатқан қажеттілік, технологияның қарқынды дамуы техникалық жаңартуды қажет етті.

Сондықтан толыққанды оңалту процесі үшін заманауи медициналық құрал-жабдықтар қажет болды.

Осы міндетті шешуге бағытталған жобаны «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен «Улыбка» ЖБҚҚ іске асырды.

Жоба Петропавл қаласындағы «Көпбейінді облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ КМК жанындағы балаларды оңалту орталығын қажетті жабдықтармен жарақтандыру арқылы жылына 600-ден астам пациентке оңалту көмегін көрсетуге бағытталған.

Жаңа жабдықтың арқасында медициналық мекеме балалардың мүгедектігін азайтуға, стационарда жату мерзімін қысқартуға және емдеу мен оңалтудың тиімділігін арттыруға қол жеткізе алады.

## Жаңа дүниелер мыналарды қамтиды:

- ✓ Физиотерапевтік емшараларға арналған жабдық (ультрақұлгін кварцты сәулелендіргіш, магнитті-лазерлі терапия аппараты, зияткерлік физиотерапевтік жүйе, магнитті терапияға, электротерапияға және УЖЖ-терапияға арналған аппараттар);
- ✓ ЕДШ залына арналған жабдық (Швед қабырғалары, науқастарға арналған шынтақ асты жүріс арбалары, аяқ-қолды жаттықтыруға арналған тренажер, ұсақ моториканы дамытуға арналған бизиборд, нейро-ортопедиялық оңалту пневмокостюмі және басқалары);
- ✓ Пассивті және белсенді механотерапияға арналған жабдық (ортопедиялық тренажер – жүру имитаторы, аяқ-қолдардың механотерапиясына арналған аппарат, тепе-теңдікті қалпына келтіруге және үйлестіруге арналған биологиялық кері байланысы бар тренажер және басқалар), биокері байланыс терапия кешендері.
- ✓ Жабдықтарды орнатуға жалпы ауданы 562,2 шаршы метр 41 үй-жай дайын: косметикалық жөндеу жұмыстары жүргізілді, үй-жайларды тазалау, жиһаздар – үстелдер, орындықтар және кереуеттер қойылды.
- ✓ «Балалар неврологиясы», «травматология» және «балалар ортопедиясы» салаларындағы жеткіншектерді оңалтуға арналған медициналық жабдықтар орнатылып, пайдалануға дайындалды.

# 49

ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЕМІ ЖӘНЕ  
МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ БӨЛІМШЕСІ  
ҮШІН 49 БІРЛІК МЕДИЦИНАЛЫҚ  
ЖАБДЫҚ САТЫП АЛЫНДЫ



“

**«Жаңа бөлімше - біздің өңірге үлкен сый болды. Біздің балаларымыз бұрыннан елордаға немесе басқа қалаларға бару қажеттігінен арылтатын медициналық жабдыққа мұқтаж болған. Енді аурухананың дәрігерлері бізге осында, дәл сол жерде көмектесе алады, ал ерекше қажеттіліктері бар балалар уақытылы және жүйелі түрде оңалтудан өтеді».**

ТАТЬЯНА КОЖЕВНИКОВА, ОБЛЫСТЫҢ ҚЫЗЫЛЖАР АУДАНЫ, СОКОЛОВКА АУЫЛЫНАН АУРУХАНАДА ЖАТҚАН БІР ЖАСАР АЛМАС ПЕН ЕКІ ЖАСАР АЛАННЫҢ АНАСЫ.



QR-КОД: ЕМХАНАДА ОҢАЛТУ ЕМІНЕН  
ӨТУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ ПАЦИЕНТТЕРДІҢ  
ПІКІРЛЕРІ

## Байланыс ақпараты

 **+7 777 217 59 96,  
+7 715 239 00 45**

 [Vkontakte](#)

 [Facebook](#)

 [Instagram](#)

# «Қамқорлық» оңалту орталықтарын құру» жобасы

«Қамқорлық қоры» КҚ

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Нейро-ортопедиялық бұзылыстары бар балалар

ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Түркістан, Жамбыл, Алматы, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда, Ақмола, Ақтөбе облыстары

Жоба республика өңірлерінде жұмыс істеп тұрған емдеу мекемелерінің базасында оңалту орталықтарын құруға бағытталған.

Басты міндет – церебральды сал ауруы (БЦП) және нейро-ортопедиялық бұзылыстары бар балаларды заманауи және сапалы оңалту үшін барлық қажетті жағдайды жасау.

Орталықтарда балаларды кешенді оңалту қамтамасыз етіледі, онда невропатологтың, реабилитологтың, ортопедтің, ЕДШ дәрігерінің, педиатрдың, физиотерапевттің консультациялары мен бақылауы, емдік дене шынықтырудың жеке бағдарламасы бойынша күнделікті жаттығу терапиясы сабақтары; заманауи жабдықта жаттығу терапиясы; ТСМ жеке сабақтары; Диспорт инъекциялары; физиотерапиялық емдеу (бассейн, магнитотерапия, парафинмен емдеу, бальнеотерапия, тұз шахтасы және т.б.); өткізгіш терапия және т.б. бар.

## Орталықтар ашылғаннан кейін жергілікті атқарушы органдардың балансында жұмыс істейтін болады

8

ОҢАЛУ ОРТАЛЫҒЫ

2

ЕРТЕ САТЫДА  
ЕМДЕУ ОРТАЛЫҒЫ

6000

БАЛА – ЖОСПАРЛАНҒАН  
ЖЫЛДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Балаларға тегін негіздегі қызметтің **30-дан** артық түрі ӘМСҚ есебімен көрсетіледі



Жобаның негізгі нәтижелері

877

ОҢАЛУ ҚҰРАЛДАРЫ (90 ДАНА)

2 214

Жиһаз (11 ДАНА)

260

КЕҢСЕ ЖАБДЫҚТАРЫ МЕН  
БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ  
(8 ДАНА)

Нұрсұлтан Назарбаев қорының қолдауымен **272** маманға арналған **27** біліктілікті арттыру курсы өткізілді

7 облыста

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН БІРЫҢҒАЙ ТҰЖЫРЫМДАМА МЕН ЖОБА БОЙЫНША ҮЙ-ЖАЙЛАРДА ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ШУ ҚАЛАСЫНДА ОРТАЛЫҚ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАҒА ЖАЛҒАСАТЫН ҒИМАРАТТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛДЫ.

Өскемендік 15 жастағы Айзеренің өткен өмірі, оған қойылған диагноз еліміздің барлық қалаларында «Қамқорлық» оңалту орталықтарын ашудың маңыздылығы арттыра түседі.

Айзереге буындарының қимыл-қозғалысын жақсартатын ортопедиялық операция тағайындалған. Бірақ ата-анасы бұл емнен бас тартуға мәжбүр болды, өйткені олар қызды операциядан кейінгі толық оңалтумен қамтамасыз ете алмайтындығынан қорықты.

Олар тұратын аймақта арнайы мекемелер болған жоқ.

Өскемендегі ана мен бала орталығында заманауи оңалту орталығы ашылғанын білген қыздың ата-анасы Айзеренің буындарын жедел емдеуге шешім қабылдады. Осыдан кейін Айзере «Қамқорлық» орталығына барып, оңалту шараларынан өтті. Енді қыз еркін және белсенді түрде қозғала алады.

«Ерекше жағдайды қажет ететін балаң нәтижелі емдом алып, алға қадам басқан кезде, бұл өмірді тіпті жақсы көріп кетеді екенсің», - дейді қыздың әкесі Бағлан Қасымұлы.



“

«Samruk-Kazyna Trust» қоры маңызды әлеуметтік мәселелерді жүйелі шешуге маманданған. Осы серіктестің қолдауымен біздің «Қамқорлық» қоры Қазақстан бойынша нейро-ортопедиялық бұзылыстары бар балаларға арналған оңалту және реабилитациялау орталықтарын ашуда. Әріптестік байланыс арқылы біз мемлекеттік ауруханалар базасында бүкіл Қазақстан аумағында 15 оңалту орталығын және 7 ерте сатыда емдеу орталығын пайдалануға бердік. Бұл жылына 13 000-нан астам баланың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Тек 2-3 жыл бұрын ғана церебралды сал ауруы бар балалардың ата-аналары бірнеше жыл бойы қолданыстағы оңалту орталықтарына кезек күтіп тұратын. Енді олар өз қалаларында, облыс немесе аудан орталығында оңалтудан өте алады. «Samruk-Kazyna Trust» компаниясына мемлекеттік орталықтарда қолжетімді, сапалы, тұрақты және ең бастысы тиімді оңалту үшін жағдай жасауға қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамыз».



АРАЙЛЫМ ЕРКІНОВА,  
«ҚАМҚОРЛЫҚ ҚОРЫ»  
КҚ ДИРЕКТОРЫ

## Байланыс ақпараты



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ  
КӨПСАЛАЛЫ АУДАНАРАЛЫҚ  
АУРУХАНАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ ОҢАЛТУ  
ОРТАЛЫҒЫ (ВИДЕО)

[lenta.inform.kz](https://lenta.inform.kz) сайтындағы мақала

[716.kz](https://716.kz) сайтындағы мақала

[fnn.kz](https://fnn.kz) сайтындағы мақала

 [Facebook](#)

 [Instagram](#)

# 4 «Қамқорлық» ерте араласу орталығын құру» жобасы

«Қамқорлық қоры» КҚ

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Нейро-ортопедиялық  
ауытқулары бар  
балалар

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы, Маңғыстау,  
Ақмола, Ақтөбе облыстары



Ерте кешенді көмек ерте араласа отырып емдеудің арнайы бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы баланың дамуындағы ауытқулардың алдын алуға немесе азайтуға мүмкіндік береді.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды тиісті деңгейде емдеу үшін барлық қажетті жағдайды жасау – жобаның басты мақсаты. Сондықтан да Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақтөбе, Ақмола және Маңғыстау облыстарындағы 4 ерте араласу орталықтарын материалдық-техникалық жабдықтау жүзеге асырылды.

## Жобаның негізгі нәтижелері



### Қазақстанның 4 өңірінде

БІРЫҒАЙ ТҰЖЫРЫМДАМА МЕН ДИЗАЙНҒА СӘЙКЕС ҮЙ-ЖАЙЛАРДА ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ ЕСЕБІНЕН ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Ерте араласу орталықтарына жабдықтарды жеткізу туралы **76** үшжақты шарт жасалды



1162 жабдық 128 атау бойынша сатып алынды. Оның ішінде:

- ОҢАЛТУ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ 59 АТАУЫ
- ЖИҢАЗДЫҢ ЖӘНЕ ТМБ-НЫҢ 10 АТАУЫ
- ТЕХНИКА МЕН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ 9 АТАУЫ БАР

42 маман

АМУ ЖӘНЕ УМС БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫНАН ӨТТІ



«ҚАМҚОРЛЫҚ» ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ «КТК» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ БЕЙНЕЖАЗБАСЫ

“

«Ерте жас - баланың дамуындағы өте маңызды кезең. Өмірдің алғашқы үш жылында маңызды дағдылар мен қасиеттер қалыптасады. Үш жасқа дейін баланың миы пластикалық және қалпына келтіруге өте ыңғайлы екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Ондаған жылдар бойы әлемде ерте сатыда емдеуден көмек алған ондаған мың балаларға түрлі зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеулердің нәтижелері тиісті тәсілдің тиімділігін дәлелдеді.



АРАЙЛЫМ ЕРКІНОВА,  
«ҚАМҚОРЛЫҚ ҚОРЫ»  
КҚ ДИРЕКТОРЫ

Өкінішке орай, Қазақстанда «ерте сатыда емдеу» ұғымы, сондай-ақ дамуы бұзылған және олардың туындау қаупі бар ерте жастағы балаларға көмек көрсету жүйесі болған жоқ. Қазір бұл жағдай «Қамқорлық» мемлекеттік ерте араласу орталықтарының ашылуымен өзгеруде. Бұл Samruk-Kazyna Trust серіктесінің қолдауының арқасында мүмкін болды. Балалардың мүгедектігінің алдын алуға бағытталған өте маңызды жобаға қатысқаныңыз үшін алғыс айтамыз».



АЙСЕЗІМ ҚАЛДЫБАЙ

3,5 ЖАСТА

ДИАГНОЗЫ: ЦЕРЕБРАЛЬДЫ САЛ  
АУРУЫНЫҢ АТОНИКАЛЫҚ-  
АСТАТИКАЛЫҚ ТҮРІ

Айsezім Шымкенттегі «Қамқорлық» ерте сатыда емдеу орталығына оңалтудың бірінші курсына түскенде, ол тұра алмайтын, отыра алмайтын, қолындағы заттарын ұстай алмайтын. Баланы оңалту шаралары оңай болған жоқ: ол қиналып, қатты жылады. Әрине, қарсылық та болды, бірақ ол ауырсынуларын жеңіп, икемге келмейтін денесін жаттықтыруға күш салды. Айsezім орталықтың 2 оңалту курсынан өтті, енді ол затты үстелден ала алады, аяқтарына тұра бастады. Қазір ол нені қалай жасау керектігін біледі. Қарапайым үш жасар бала үшін бұл ештеңе емес болып көрінуі мүмкін, бірақ ол осы үшін үлкен жұмыс істеді және жеңді. Сыртынан қарағанда Айsezім кішкентай әрі нәзік қыз болып көрінуі мүмкін, бірақ оның ішінде бәрін жеңіп, барлық қиындықтарға төтеп бере алатын өте үлкен жігер бар.

## Байланыс ақпараты

 [Facebook](#) [tengrinews.kz](#) сайтындағы мақала

 [Instagram](#) [altaynews.kz](#) сайтындағы мақала

# «Саламатты болашақ» жобасы

«Тең мүмкіндіктер  
әлемі» ҚҚ

ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстанның барлық аймақтары

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Ерекше қажеттіліктері бар балалар



Жоба Қазақстанның әртүрлі қалаларында бейімделген дене шынықтыру (БДШ) және спорт тәсілімен спорт секцияларын ұйымдастыру арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік интеграциясын жақсартуға бағытталған

“

«Біздің мақсатымыз - әртүрлі дене мүмкіндігі немесе психикалық дамуы бұзылған балалардың қоғаммен араласуы үшін жағдай жасау. Спорт ерекше балаларды ынталандырады, оларға жеңістің қуанышы мен жеңілістің ащы дәмін сезінуді үйретеді. Ал қалыпты жағдайдағы балаларға мейірімділікті, түсіністік пен толеранттылықты қалыптастыруға көмектеседі».




НҰРГУЛ ҰЛЖЕКОВА, «САЛАМАТТЫ БОЛАШАҚ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ, «ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІ» ҚҚ ДИРЕКТОРЫ

## Жобаның негізгі нәтижелері

Жалпы қамту ерекше білім беруді қажет ететін 700 баланы құрады

Қазақстанның келесі аймақтарында 65 секция (топ) ұйымдастырылды



2021 жылдың қазан айында Спорт және дене шынықтыру істері комитеті жанындағы Республикалық дене шынықтыру және спорт оқу-әдістемелік және талдау орталығы 30 жаттықтырушыға, оның ішінде 6 жаңа жаттықтырушыға БДШ бойынша біліктілікті арттыру курсы өткізді.

Жергілікті атқарушы органдармен өзара ынтымақтастық туралы 5 меморандум жасалды.

2021 жылғы желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласында «Бочча» секциясы бойынша 8 жаттықтырушы үшін офлайн-форматта төрешілер семинары ұйымдастырылды. Іс-шара боччадан республикалық ашық турнир аясында өтті. Төрешілік семинарды Мәскеу қаласының бочча бойынша бас жаттықтырушысы, бочча жаттықтырушылар кеңесінің хатшысы, бүкілресейлік санаттағы төреші, бочча инваспортын дамытуды қолдау қайырымдылық қорының құрылтайшысы Юлия Васильева өткізді.

2021 жылы «Саламатты болашақ» жобасы аясында Қазақстанның 16 қаласында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бейімделген спорт секциялар есігін ашты.

Мысалы, былтырғы қазан айында Қазақстанның Жаңаөзен, Өскемен және Атырау қалаларында паралимпиадалық спорт түрі - бочча секциясы жұмысын бастады. Бочча - ептілік пен үйлестіруге үйрететін доп ойыны, бұл мүмкіндігі шектеулі адамдардың физикалық қабілеттерін ғана емес, стратегиялық ойлауын да дамытуға көмектеседі. Қазіргі уақытта бұл спорт түрі Қазақстан үшін жаңалық, алайда оның қарқынды дамуы мен танымалдылығы жақын арада Қазақстанның Паралимпиадалық құрамасы үшін резерв қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Менің қызым боччаға қатты қызығушылық танытты. Өйткені, бұл паралимпиадалық спорт түрі, демек, спорттық мансапты дамытуға жол ашуға болады. Айдана - 15 жаста. Ол церебральды сал ауруымен ауырады және мүгедектер арбасын пайдаланады. Басқа спорт түрлері бізге мүлдем сәйкес келмейді, ал боччиды ауыр сырқаты бар спортшылар да ойнай береді. Біз ерекше жағдайды қажет ететін балаларымыздың қарым-қатынас шеңбері кеңейеді, өзіне деген сенімділік пайда болады және өмір жаңа әсерлер мен қуанышты оқиғалар сыйлайды деп үміттенеміз», - дейді Феруза, Жаңаөзендегі жаттығуларға тіркелген жасөспірім қыздың анасы.

Жаңаөзен мен Өскемен қалаларындағы басқа секциялар жүзуге бейімдесе, Атырауда жеткіншектерді футбол ойынына үйретеді. Олар, сондай-ақ дене шынықтыруға бейімдеудің бір түрі болса да, тірек-қимыл аппараты зақымданған балаларды тиімді оңалтуды, олардың әлеуметтенуін және қоғамға кірігуін қамтамасыз етеді.

«Саламатты болашақ» жобасының арқасында бүкіл ел бойынша 700-ден астам «ерекше» бала жүзу, каратэ, футбол, гандбол, бочча, дзюдо, хореография, таэквондо, жеңіл атлетика сияқты спорт түрлерімен айналысуда. Жоба аясында жаттықтырушылар бейімделген дене шынықтыру әдістері мен құралдары мамандарынан әртүрлі диагнозы бар балалармен жұмыс ерекшеліктерін үйренеді. Сондай-ақ, мамандар дені сау балаларды бірлескен жаттығуларға тарта отырып, жұмыста инклюзивті тәсілдерді қолданады.

«Samruk-Kazyna Trust» қоры жаттықтырушылардың еңбегіне ақы төлеу, секцияларды мамандандырылған спорттық жабдықтармен жарақтандыру және оқу-әдістемелік сүйемелдеу жөніндегі шығыстарды өз мойнына алған. Болашақта секцияларды мемлекеттік спорттық тапсырысқа ауыстыру жоспарлануда.



ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ  
ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ  
СЕКЦИЯЛАРЫ

## Байланыс ақпараты

+7 701 710 70 68

@ [ravmir\\_astana@mail.ru](mailto:ravmir_astana@mail.ru)

f [Facebook](#)

▶ [Youtube](#)

📷 [Instagram](#)

24.kz сайтындағы мақала

the-steppe.com сайтындағы мақала

# «Қазақстанда инклюзивті қоғамды құру. Әртүрлі, бірақ тең» жобасы

«Дара» ЖҚ

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар, мектеп басшылары мен мұғалімдері

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан Республикасы

Бүгінде Қазақстанда 83 мыңнан астам «ерекше» бала білім алуда, бұл шамамен 76% құрайды.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытуға «Дара» ЖҚ 8 жылдан бері жүзеге асырып келе жатқан «Әртүрлі, бірақ тең» жобасы үлкен үлес қосуда.

Жоба ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуына және дамуына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бастама елімізде инклюзивті білім беруді тиімдірек енгізуге және қоғамда дамуында ауытқуы бар адамдарға деген оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Жоба аясында  
келесі жұмыстар  
жүргізілуде:

Қалалар мен ауылдарда  
психологиялық-педагогикалық түзету  
кабинеттерінің желісін кеңейту

---

Қазақстанның жалпы білім беретін мектептері  
базасында инклюзивті білім берудің ресурстық  
орталықтары желісін кеңейту

---

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен  
жұмыстың әдістемелік негізін жақсарту



**Жоба аясында Қазақстан бойынша жүзеге асырылып жатқан 8 жыл ішінде жалпы білім беретін мектептер базасында 46 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті мен 43 инклюзивті білім беру ресурстық орталығы ашылды**

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕТУ КАБИНЕТІ (ППТК)** – БҰЛ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР КЕЗ-КЕЛГЕН БАЛА МЕН ОНЫҢ ОТБАСЫ ДЕФЕКТОЛОГ, ПСИХОЛОГ, ЛОГОПЕД, ТИФЛОПЕДАГОГ, ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ, ЖАТТЫҒУ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ, МУЗЫКАЛЫҚ ҰРҒАҚ МҰҒАЛІМІ ЖӘНЕ Т. Б. СИЯҚТЫ МАМАНДАРДАН КӨМЕК АЛА АЛАТЫН МЕКЕМЕ.

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ (РО/ИББРО)** – БҰЛ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ИНКЛЮЗИЯ ҚАҒИДАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУДА ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА СЫНЫП ПЕН МЕКТЕПТЕ КЕДЕРГІСІЗ ЖӘНЕ ДОСТЫҚ АТМОСФЕРА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АРНАЙЫ ПЕДАГОГТАР МЕН МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ ҮШІН ҚҰРЫЛҒАН МЕКТЕП КЕҢІСТІГІНІҢ БӨЛІГІ.

## Жобаның негізгі нәтижелері

### 2021 жылы 2 ППТК ашылды

- ✓ Қостанай облысы Арқалық қаласы (12.04.2021 жылы ашылды) – ерекше білім беруді қажет ететін 65 бала, 7 маман.
- ✓ Түркістан облысы Қарабұлақ ауылы (28.05.2021 жылы ашылды) - ерекше білім беруді қажет ететін 49 бала, 13 маман.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, ҚОРДАЙ АУЫЛЫНДА ҚАЗІРГІ ППТК-НЫҢ 2 ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ – ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН 167 БАЛА, 21 МАМАН.

### 2 РО ашылды

- ✓ Арқалық қаласы (01.05.2021 жылы ашылды), №6 орта мектеп базасында – ерекше білім беруді қажет ететін 19 бала (барлығы жалпы білім беретін сыныптардағы балалар).
- ✓ Қостанай қаласы (24.05.2021 жылы ашылды), No27 орта мектеп базасында – ерекше білім беруді қажет ететін 23 бала. Оның ішінде: жалпы білім беретін сыныптарда оқитын – 19, үйде оқитын 4 бала бар.



“

«2021 жылдың қазан айында біздің орталыққа көру қабілеті нашар Ербатыр есімді бала келді. Алғашында ол қатты дыбыстардан қорқатын. Қол қозғалысын үйлестіру, ұсақ моториканы дамыту, баланы реңктерді ажыратуға үйрету үшін мамандардың көмегі қажет болды.



МАРЗИЯ ЯКУПОВА,  
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ТҮЗЕТУ КАБИНЕТІНІҢ  
ЖЕТЕКШІСІ

Жұмыс Ербатырды жеке дамыту жоспары бойынша жүргізілді, онда әзірлеу мен түзетудегі барлық тапсырмалар ескерілді. Мамандар балаға мейірімділік танытып, жайлылық пен жылулық атмосферасын жасады. Сондай-ақ жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып, кіріктірілген сабақтар жүргізді.

Мысалы, тифлопедагог өз сабақтарында оқытудың жалпы әдістерін (ауызша, көрнекілік, практикалық, түсіндірмелі және иллюстрациялық, ізденіс, зерттеу), сонымен қатар көруді түзетуге және өтеуге бағытталған арнайы әдістерді пайдаланды.

Мамандар даму ерекшеліктерін ескеріп, балаға қолайлы жағдай жасады. Ербатыр сабаққа келгенде қатты қуанып, жалпы шараларға белсене араласатын.

Сабақтардың екінші циклінде мамандармен жұмыс істегеннен кейін негізгі дағдыларды қалыптастыруда айтарлықтай жақсартулар болды. Бала эмоционалдық тұрғыдан да өзгерді, сабақта сабырлы болды. Мазасыздық сейіліп, нәтижесінде Ербатыр өткір дыбыстардан қорқуын қойды. Сабаққа қызығушылық танытты.

Ербатыр бүгінде жан-жағымен араласып, ойнап, дамығысы келеді. Ол үшін сабақтар маңызды процесс. Сондықтан Ербатыр оларды жіберіп алмауға тырысады. Балада тактильді-сенсорлық процестер дами бастады: ол түрту арқылы әртүрлі беттерді ажырата бастады. Бұрын ол көз қимылдарын жасай алмаса, қазір визуалды гимнастикамен еш қиындықсыз айналысады. Қазір біздің Ербатыр көңілді, оңды бала.

Арнайы әдістерді, формалар мен құралдарды пайдалана отырып, дұрыс сараланған жұмыс Ербатырдың әлеуметтеніп, болашақта үлкен жетістіктерге жетуіне септігін тигізетін оқу мен дамуға қолайлы жағдай туғызды деп ойлаймыз.

Біздің ұлымыздың есімі қазақ тілінен «ержүрек» деп аударылуы кездейсоқ емес шығар: өзінің жасына қарамастан, ол кейде тіпті ересектер де жасай алмайтын қиындықтарды жеңе алатындығын дәлелдеді!».

“

«Дара» қоры» - ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалардың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың өмір сүру жағдайын жақсартуға, мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыратын жеке қайырымдылық қор. Сондай-ақ, Қордың басты мақсаты - Қазақстанда инклюзияны дамыту.

Біз үшін ерекше баланың отбасын туғаннан бастап қолдау өте маңызды. Осы орайда, «Әртүрлі, бірақ тең» жобасының негізгі нәтижелерінің бірі – баланы ерте жастан, мектепке дейінгі дайындық және мектептегі білім беру жүйесіне көшу кезеңдерінде сүйемелдеу үлгісін жасау.

Ынтымақтастық барысында және «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен Қазақстанда 15 ППТК ашылды, олар өз аймағында ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қызмет көрсету бойынша көмекші мекемелер ретінде қызмет етеді және инклюзивті білім беру үшін 17 ресурстық орталық ашылды».



СӘУЛЕ БЕКСҰЛТАНОВА,  
«ДАРА» ҚОРЫНЫҢ ЖОБА  
БАСШЫСЫ

## Байланыс ақпараты

☎ **+7 705 114 32 50**

🔗 [www.dara.kz](http://www.dara.kz)

@ [info@dara.kz](mailto:info@dara.kz)

📘 [Facebook](#)

📺 [Youtube](#)

📠 [Telegram](#)

📷 [Instagram](#)




Медиа мен мәдени  
қоғамдастықты  
**және адами**  
**әлеуетті дамыту**



# «XVII Еуразиялық Медиа Форум» жобасы

«Еуразиялық Медиа Форум»  
Халықаралық Қоры» ҚҚ



ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ  
БАҚ өкілдері, шетелдік қатысушылар  
және сарапшылар

## Еуразиялық Медиа Форум (ЕАМФ) – жыл сайын әлемнің жетекші және қазақстандық БАҚ өкілдерін, халықаралық сарапшыларды, саясаткерлерді, ғалымдарды, қоғам және мәдениет қайраткерлерін біріктіретін Орталық Азиядағы жетекші тәуелсіз диалог алаңы.

Жобаның миссиясы – Қазақстанның, Еуразияның және бүкіл халықаралық қауымдастықтың геосаяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуының негізгі мәселелері бойынша саясаткерлер, журналистер мен сарапшылар арасында еркін және ашық диалог үшін жағдай жасау.

Еуразиялық Медиа Форумның бағдарламасы үш күннен тұрады – бірінші күні әлемнің жетекші сарапшыларының тәжірибелік шеберлік сабақтары өтеді. Сондай-ақ, форумның бірінші күні аясында «Түркітілдес елдердегі БАҚ. Демократия жағдайындағы ынтымақтастықты дамыту». Форумның екінші және үшінші күндерінің тақырыптары әлемдік саясат пен экономика, БАҚ, экология, білім және футурология сияқты салаларды қамтыды.

### XVII Еуразиялық Медиа Форумының спикерлері



**Кьелл Нордстрем**  
ЭКОНОМИСТ, ЖАЗУШЫ (ШВЕЦИЯ)



**Кьелл Штайн**  
EURONEWS ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САТУ ЖӨНІНДЕГІ  
ДИРЕКТОРЫ (ГЕРМАНИЯ)



**Ксения Собчак**  
ЖУРНАЛИСТ, ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІ,  
ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ



**Тимур Бекмамбетов**  
РЕЖИССЕР (РЕСЕЙ-АҚШ)



**Тереза Рибейру**  
ЕҚЫҰ-НЫҢ БАҚ БОСТАНДЫҒЫ  
ЖӨНІНДЕГІ 5-ШІ ӨКІЛІ  
(ПОРТУГАЛИЯ)



**Джарон Ланье**  
ДЕРЕКТЕРДІ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ  
БИОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
САЛАСЫНДАҒЫ ҒАЛЫМ, «ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ»  
ТЕРМИНІНІҢ ЖӘНЕ «БОЛАШАҚ КІМНІҢ  
ИЕЛІГІНДЕ?» КІТАБЫНЫҢ АВТОРЫ. (АҚШ)

# Жобаның негізгі нәтижелері

23

ӘЛЕМ ЕЛІ (ДЕЛЕГАТТАРДЫҢ  
ІС-ШАРАНЫ ҚАМТУЫ)

80+

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САРАПШЫ

55

БАҚ ЖӘНЕ  
БЛОГОСФЕРА ӨКІЛІ

3200+

ҚАТЫСУШЫ-ТЫҢДАУШЫ  
ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ: 200+ ОФФЛАЙН И 3 000+ ОНЛАЙН

3

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

8

ПАНЕЛЬДІК СЕССИЯ

7

МАСТЕР-КЛАСС

Форум отырыстарында  
әлемнің **25 елінен 77 адам**  
сөз сөйледі

Видеоконтенттің 7 түрі  
дайындалды

440

МАТЕРИАЛ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК БАҚ  
БЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНДЫ

## ЕАМФ-2021 шеберлік сабақтарын ұйымдастыру форумның әлеуметтік серіктесі – «Samruk-Kazyna Trust» қорының демеушілігімен өтті

### Шеберлік сабақтарының тақырыбы:



«ҮЕҰ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК СТОРИТЕЛЛИНГ ҮШІН БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАР ЖАСАУ»



«ӘЛЕУМЕТТІК МАРКЕТИНГ»



«НЕЛІКТЕН СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ СОНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ?»



«ЦИФРЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР: ТИІМДІ ҚҰРАЛДАР МЕН ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР»



«БОЛАШАҚТЫ ҚАЛАЙ БАСҚАРУҒА БОЛАДЫ?»



«DIGITAL ME: ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ОТЫРУ ӘДЕТІНЕН АІ ЖӘНЕ БІРЕГЕЙЛІККЕ ДЕЙІН»



«БАҚ АУДИТОРИЯСЫ – ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ СІПАТТАРЫ»

### Шеберлік сағаттарының спикерлері мен авторлары:



**Клементин Мальпас**

ДЕРЕКТІ КИНОЛАРДЫҢ  
АВТОРЫ (ВЕЛИКОБРИТАНИЯ)



**Салах Халил**

MASAT INTERNATIONAL LTD.  
НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ  
(ВЕЛИКОБРИТАНИЯ)



**Эндрю Кин**

ЖАЗУШЫ, РЕЖИССЕР, КРЕМНИЙ  
АЛҚАБЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ  
РЕВОЛЮЦИЯ САРАПШЫСЫ (США)



**Ольга Шаратута**

ЖТЕКЕШІ, REDME (RCG),  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЕРІКТІ  
(РОССИЯ)



**Евгений Черешнев**

ПАО «ВЫМПЕЛКОМ» ЖАҚ  
ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА  
БИЗНЕС ЖӨНІНДЕГІ  
АТҚАРУШЫ ВИЦЕ-  
ПРЕЗИДЕНТІ (РОССИЯ)



**Сергей Становкин**

ЕВРОПА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
ЖАҢАЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУШЫСЫ  
(ВЕЛИКОБРИТАНИЯ)



**Бексултан Казыбек**

DIGITAL-ПРОДЮСЕР,  
JOKEASSES КОМАНДАСЫНЫҢ  
ҚАТЫСУШЫСЫ (ҚАЗАҚСТАН)



 [www.eamedia.org](http://www.eamedia.org)

 [info@eamedia.org](mailto:info@eamedia.org)  
[pr@eamedia.org](mailto:pr@eamedia.org)

 [Facebook](#)

 [Twitter](#)

 [Telegram](#)

 [Instagram](#)

[tass.com](http://tass.com) сайтындағы мақала

[aa.com.tr](http://aa.com.tr) сайтындағы мақала



XVII ЕУРАЗИЯЛЫҚ  
МЕДИА ФОРУМ.  
ҚОРЫТЫНДЫ ФИЛЬМ

# «Қазақстан Республикасының тарихы» кітабының суретті басылымы» жобасы

«Baurzhan Foundation» ЖҚ

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан аумағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Барлық оқырманға арналған


Жобаның идеясы: Қазақстан Республикасының тарихын оқырмандар үшін әдеттен тыс сипатта және комикс жанрында басып шығару. Кітаптың жарыққа шығуы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған. Қазақстан тарихы туралы кітаптың жаңа басылымына барлығы 70 үздік иллюстрация енгізілді, олар оқырманға ел үшін маңызды мәдени, спорттық және саяси оқиғалар туралы баяндайды.

Бірінші кезеңде «Тарихым - бүгінім, ертеңім!» тақырыбында суретші-иллюстраторларға байқау өткізілді. Байқауға қазіргі заманғы суретші-иллюстраторлардың жұмыстарымен барлығы 68 өтінім түсті. Жұмыстың сапасы, өзіндік стильдің болуы, тұжырымдаманы сақтау - жеңімпаздарды таңдаудың негізгі өлшемдері болды.

Байқау қорытындысы бойынша 20 суретші-иллюстратор іріктеліп алынды. Қатысушылар байқау ережесіндегі тақырыптарға сай бөлінді: «Қазақ хандығы», «Ресей империясы құрамында», «КСРО құрамында», «Тәуелсіз Қазақстан» және т. б.

Нәтижесінде басылымның электронды нұсқасы дайындалып, қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптардың бастапқы нұсқалары баспаханаға берілді.

Байқау қорытындысы бойынша үздік иллюстрациялар Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі кітапханаларға, мектептерге, балалар үйлеріне еркін қолжетімді «Тарихым – бүгінім, ертеңім!» атты заманауи басылымда жарық көрді.



Бұған дейін «Baurzhan Foundation» қоры еліміздің дарынды балалары арасында сурет байқауын өткізген болатын. Баспагерлер атап өткендей, бүгінде өнерді жаңа бастағандар - 12-14 жас аралығындағы жастар. Кәсіби комикс жазушылардың жасы - 20-25, олардың арасында назар аударарлықтары бар. Мәселен, Алматы қаласының тұрғыны Ислам Тохтахунов – Қазақстан тарихының иллюстрациялық басылымы байқауына өз жұмысын ұсынуға бел бұған суретшілердің бірі.

“

«Комикс маған қызықты, өйткені бұл жанр идея мен суретті біріктіреді және оның өзіндік ерекше эстетикасы бар. Қазақстанда дарынды жастар көп екеніне сенімдімін, сондықтан байқауға қатысудың басты мотивациясы – еліміздің шығармашылық индустриясының дамуына үлес қосуға деген ұмтылыс. Мысалы, менің конкурстық жұмысым қазақ музыканты Скриптониттің шығармашылығына арналған. Комикс жастарға тарихтың құндылығын, салауатты идеяларды жеткізе алады деп ойлаймын», - дейді Ислам.



ИСЛАМ ТОХТАХУНОВ

“

«Біздің басты ойымыз Қазақстан тарихынан сыр шертетін қазақ суретшілерінің иллюстрацияларын жинақтау ғана емес, жас иллюстраторларға өз жұмыстарын оқырманға көрсетуге мүмкіндік беру болды. Сонымен қатар, қор жобалары ешқашан коммерциялық мақсатта болған емес – «Samruk-Kazyna Trust» қорының қолдауының арқасында біз қазақ және орыс тілдеріндегі кітаптың барлық 5 мың данасын Қазақстандағы кітапханаларға, мектептер мен балалар үйлеріне сыйға береміз. Байқауға қатысушылардың дені – ел Тәуелсіздігімен құрдас жас өнерпаздар болса, шығармада тарихи оқиғаны немесе еліміздің тарихи тұлғасын көрсету басты шарт болды. Әлі күнге дейін иллюстратор болу маңызды кәсіп емес деп есептейтіндер бар. Сондықтан, ең алдымен, комикстің осы қиын жанрында сурет салатын суретшілерді қолдауды жөн көрдік. Осы жобаның арқасында біз жаңа есімдерді ашамыз және көркем иллюстрация Қазақстанда сұранысқа ие болады деп сенемін».

САИДА ИБРАГИМОВА

«BAURZHAN FOUNDATION» ЖҚ ЖОБА МЕНЕДЖЕРІ

## Байланыс ақпараты

 **+7 727 317 67 37**

 [www.baurzhan.kz](http://www.baurzhan.kz)

 [info@baurzhan.kz](mailto:info@baurzhan.kz)

 [Facebook](#)

 [Instagram](#)

 [Youtube](#)

 [Vkontakte](#)

dknews.kz сайтындағы мақала

time.kz сайтындағы мақала

# «SOYLE» жобасы


«Мемлекеттік тілді  
дамыту қоры» КҚ

ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстанның барлық аймағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Қазақ тілін үйренуге қызығушылық  
танытқан барлық азаматтар



Soyle жобасы – қазақ тілінің тегін онлайн  
сабақтары.

Оның негізгі мұраты – Қазақстан халқы арасында  
мемлекеттік тілді кеңінен насихаттау.

Курс қазақ тілінде нөлден бастап сөйлеуге және  
әртүрлі коммуникативті жағдайларда әңгімелесушіні  
түсінуге көмектесуге арналған. Білім беру  
қарапайымнан күрделіге қарай деңгейлерге бөлінеді  
және оқу мазмұнының әртүрлі сипаттарын, соның  
ішінде аудио және бейне материалдарды қамтиды.

Жобаның танымал болғаны сонша, оны басқа елдердің  
тұрғындары да пайдалана бастады. Бүгінде [www.soyle.kz](http://www.soyle.kz)  
сайтына әлемнің түкпір-түкпірінен 170 000-нан астам  
қолданушы тіркелген: қазақ тілі Германияда, Ресейде, Чехияда  
және басқа да елдерде онлайн түрде оқытылады.

Бүгінгі таңда жоба аясында мемлекеттік тілді үйренуге  
арналған көптеген құралдар: веб-сайттан басқа Soyle  
және Bala Soyle мобильді қосымшалары, [Resmihat.kz](http://Resmihat.kz)  
ресми қазақша бизнес порталы және [Qazaq Latyn  
Keyboard](http://Qazaq Latyn Keyboard) қосымшасы жұмыс істейді.

# Жобаны іске асыру аясында

**35 339**

GOOGLE PLAY ЖӘНЕ APP STORE ДҮКЕНДЕРІНЕН «SOYLE» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ОРНАТУ САНЫ

**4 749**

BALASOYLE.KZ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН GOOGLE PLAY ЖӘНЕ APP STORE ДҮКЕНДЕРІНЕН ҚОЛДАНҒАНДАР САНЫ

**13 217**

YOUTUBE ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНДЕГІ SOYLETUBE АРНАСЫНДАҒЫ ЖАЗЫЛУШЫЛАРДЫҢ САНЫ

**612 000**

YOUTUBE-АРНАҒА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУ БОЙЫНША 9 БЕЙНЕРОЛИК ЖОБАСЫНЫҢ КӨРСЕТІЛІМДЕРІ

**610**

МЕКТЕП ЖӘНЕ БАСҚА ДА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ВЕБИНАРҒА ҚАТЫСҚАН АДАМ



SOYLE  
ЖОБАСЫНЫҢ  
YOUTUBE-  
АРНАСЫ

## WWW.SOYLE.KZ

www.soyle.kz сайтының мазмұны жаңартылып, сондай-ақ оның толық қайта жобалануы жасалды.

Soyle.kz порталы ең көп кіретіндердің көшінде. Сайт республикалық БАҚ зерттеу нәтижелері бойынша қазақ тілін үйрену бойынша ең үздік 10 сайттың көшін бастады

56 301 - Қазақстаннан және басқа елдерден Soyle.kz сайтының қамтыған аудиториясы. Soyle.kz сайтындағы қаралулар саны 7 545 911-ден 9 137 035-ке дейін өсті (1 771 124-ке өсті).

## WWW.RESMIHAT.KZ

Іскерлік қазақ тілін үйренуге арналған Resmihat.kz интернет-порталының мазмұны жаңартылды.

Resmihat.kz порталында тіркелген қолданушылар саны 42 233-тен 47 435 адамға дейін өсті.

Resmihat.kz сайтындағы қаралулар саны 585 628-ден 913 767-ге дейін өсті (328 139-ға өсті)

“

«Біздің миссия – еліміздің мәдени кеңістігіне қазақ тілін енгізуге бағытталған инновациялық жобалар мен технологияларды жүзеге асыру. Ал Soyle, Қазақстандағы тұңғыш тегін қазақ тілі курсы оның іске асқанын көрсетеді. Soyle жобасы аясында қазақ тілін танымал етуге бағытталған тұтас экожүйені құрайтын басқа да салалар бар: «Soyletube», «Resmihat», «SoyleTikTok», «Мен мұғаліммін», «Playlists бойынша қазақша», «Qazcomics» және т.б. Біздің жобалар тек қазақстандықтарды ғана емес, шетел азаматтарын да дамытуға көмектеседі. Soyle экожүйесінің қазір 300 000-нан астам пайдаланушысы және 20 миллионнан астам қаралымы бар. «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорына «Soyle» қайырымдылық жобасы арқылы тіл саясатын жүзеге асыруға көрсеткен қолдауы мен көмегі үшін шынайы алғысымызды білдіреміз».



АЗАТ ШАҮЕЕВ,  
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ  
ДАМУ ҚОРЫНЫҢ  
ДИРЕКТОРЫ

## Байланыс ақпараты

☎ **+7 717 227 26 09**

🔗 [www.soyle.kz](http://www.soyle.kz)

@ [info@qazaq-found.kz](mailto:info@qazaq-found.kz)

📘 [Facebook](#)

📷 [Instagram](#)

📺 [Vkontakte](#)

📺 [Youtube](#)

🎵 [TikTok](#)

📧 [Telegram](#)

inform.kz сайтындағы мақала

elorda.info сайтындағы мақала

# «National Teacher Prize Kazakhstan - Қазақстан мұғалімі ұлттық сыйлығы» жобасы

«Қоғамдық маңызы бар бастамаларды дамыту қоры» ЖҚ

**National Teacher Prize Kazakhstan - өз мамандығына аса зор үлес қосқан қазақстандық мұғалімдер марапатталатын жыл сайынғы сыйлық.**

ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстанның барлық аймағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Бастауыш және орта білім беру мұғалімдері, қарапайым тұрғындар

Жоба қазақстандық білім берудің халықаралық аренадағы жетістіктерін жариялауға, қазақстандық мұғалімдерді қолдауға және педагог еңбегінің беделін арттыруға бағытталған.

«Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығына [www.teacherprize.kz](http://www.teacherprize.kz) сайты арқылы өз бетінше өтінім бере отырып, кемінде үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар кез келген пәндер мен мектептердің оқытушылары қатыса алады. Бұл шара мектеп әкімшіліктерінің, білім басқармаларының немесе Білім және ғылым министрлігінің қатысуынсыз жүзеге асырылады.

## Жобаның негізгі нәтижелері



- | 2021 жылғы 24 қыркүйекте Алматы қаласында Global Teacher Prize шеңберінде «Қазақстан мұғалімі» байқауының қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі өтті.
- | Қазақстанның түкпір-түкпірінен 150 педагог байқауға қатысу үшін сауалнама жіберді, оның ішінде Тәуелсіз академия құрамы 50 өтінімді іріктеп, бағалады.
- | PricewaterhouseCoopers халықаралық аудиторлық компаниясы іріктеу процесінің аудитіне, бағалауына және тестілеуіне қатысты, іріктелген кандидаттардың тереңдетілген скринингін өткізді.
- | Қазақстан атынан байқаудың 10 финалисті \$ 1 000 000 жұлде қоры бар Global Teacher Prize 2022 жаһандық сыйлығына ұсынылды.
- | Байқаудың жеңімпазы Алматы қаласындағы №42 орта мектептің музыка, өзін-өзі тану және хореография пәнінің мұғалімі Алла Буренкова болды.



«Қазақстан мұғалімі» сыйлығы аясында ауыл мектептеріне 1 миллион теңге көлемінде грант беру арқылы қолдау көрсету туралы шешім қабылданды. Былтырғы 15 қыркүйек күні 30 мектеп анықталды. Бұл бастама «Barine bilim» деп аталды.

Гранттарды еліміздің 10 өңірінен келген ауыл мектептерінің өкілдері алды. Мұғалімдер өз мектептерінің қажеттіліктеріне сүйенді. Мысалы, Алматы облысының Өтеген батыр кентіндегі мектептердің бірінде кітапхана қорын жаңарту бойынша жоба жүзеге асырылды: 1 млн теңгеге көркем әдебиет пен энциклопедиялар, барлығы қазақ және орыс тілдерінде 400-ге жуық кітап сатып алынды.

Алматы облысының Б.Сырттанов кентіндегі тағы бір мектептің математика пәні мұғалімі оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын ұйымдастыру үшін жылыжайды жылыту жобасына өтінім берді.

Қарағанды облысының Қызыл Нива кентінде финалға спорт залын толық жабдықтау жобасы шықты: оқушылар үшін турниктер мен қырлы бөренелер, үстел теннисіне арналған құрылғылар, футболға арналған торлар, кимоно, күреске арналған манекендер және т.б. сатып алынды.

Сондай-ақ, педагогтар өз мектептерін интерактивті тақталармен, ноутбуктермен, принтерлермен, зертханалық жұмыстарға арналған жабдықтармен, тігін машиналарымен және сурет салуға арналған жинақтармен қамтамасыз етті.



«АЛМАТЫ» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ «ҚАЗАҚСТАН МҰҒАЛІМІ» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ БЕЙНЕЖАЗБАСЫ

## Байланыс ақпараты

@ [teacherprize.kz@gmail.com](mailto:teacherprize.kz@gmail.com)

Instagram

tengrinews.kz сайтындағы мақала

inform.kz сайтындағы мақала

# «Leader Z» - ерекше білім беру қажеттіліктері бар жасөспірімдерге арналған кәсіптік бағдар беру онлайн-мектебі» жобасы

«TeachMe - құзыреттерді дамыту орталығы»  
қоғамдық қоры

ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстанның барлық аймағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Ерекше білім беруді қажет ететін 60 жасөспірім



**Leader Z – балаларға болашақта жұмысқа орналасу үшін кәсіби дағдыларды дамытуға, сондай-ақ өзіне деген сенімсіздікті жеңуге көмектесетін тегін кешенді оқыту бағдарламасы**

Оқу үш айға созылады. Бастапқы кезеңде мектепте оқушыларда дамытуды қажет ететін күшті жақтары және қабілеттері анықталып, жеке бейнесі қалыптастырылады. Екінші кезеңде компьютердің негізгі дағдылары оқытылады: браузермен, электрондық поштамен, қосымшалармен және бағдарламалармен жұмыс істейді. Әрі қарай жасөспірімдер бейімі мен қалауына байланысты курстарға бөлінеді: мобилография, скетчинг, скретч және STEAM.

Барлық курс балаларға қолжетімділігін ескере отырып таңдалады және әртүрлі бағыттарға ие. Мысалы, скетчинг шығармашылық қабілеттерді ашуға көмектеседі, ал мобилография уақытының көп бөлігін смартфонмен өткізетін балаларға қолайлы.

---

## Жобаның негізгі нәтижелері

- Жобаға қатысуға 158 өтініш түсті
- Іріктеудің 3 кезеңінің қорытындысы бойынша 74 оқушы қабылданды
- Soft skills дағдылар курсына жобаға қатысушылар үшін 6 тренинг өткізілді
- 60 студент «Компьютердің негізгі дағдылары» курсын сәтті аяқтады
- Жобаға қатысушылардың ата-аналары үшін 1 тренинг ұйымдастырылды (кәсіби психолог-жаттықтырушы Екатерина Колмыковадан)
- Қордың психологы Фариды Гафарова (сессиялар) қиындықтар мен қорқыныштарды жеңу мақсатында жобаға қатысушыларға 31 жеке консультация өткізді
- Қабілеттерді (гуманитарлық, технологиялық, шығармашылық) анықтау үшін кәсіптік бағдар беру тесттері әзірленді: 61 қатысушы күшті және әлсіз жақтарын анықтау бойынша тестілеуден өтіп, нәтижесін алды

## Келесі курстарға әзірленген және жазылған сабақтар:



«КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ»: 12 САБАҚ



«МОБИЛОГРАФИЯ»: 20 САБАҚ  
+ 4 ТӘЖІРИБЕЛІК ПӘН



«СКЕТЧИНГ»: 34 САБАҚ



«SCRATCH!»: 25 САБАҚ



«STEAM»: 24 САБАҚ

Қазіргі уақытта курстарда **62 студент** оқиды, курстар келесідей бөлінеді:

**3 студент**

«STEAM» (+5 ҚОСЫМША СТУДЕНТ)

**9 оқушы**

«SCRATCH!»

**21 оқушы**

«СКЕТЧИНГ»

**29 оқушы**

«МОБИЛОГРАФИЯ»



«LEADER Z» ЖОБАСЫНА АРНАЛҒАН ОҚҚ БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ (ВИДЕО)

2022 жылы экскурсия өткізу және қатысушыларды бизнес-процестермен таныстыру мақсатында әлеуетті жұмыс берушілердің деректер базасы жасақталуда

“

«Бүгінде дене ерекшелігі бар балалардың ынта-жігері төмен, кәсіби дайындықтың ең соңғы деңгейінде тұр. Бізге келген жасөспірімдердің көпшілігі компьютерлік сауаттылықтың қыр-сырын білмейді және қандай мамандықты игеретінін түсінбейді.

Мұндай балалар орта білім алғаннан кейін елеусіз, өз мәселелерімен жалғыз қалып, тек мемлекеттік жәрдемақыға ғана иек артады. Жасөспірімдердің аз ғана бөлігінің колледждер мен университеттерге түсуге күш-қуаты жетеді, білімі мен мақсаты бар, біздің мақсатымыз – олардың кәсіби жолға түсуіне көмектесу.

Біз баланың әлеуетін ашуға, оның өзін-өзі дамытуына және оқуына шексіз мүмкіндіктер көрсетуге тырысамыз. Сондай-ақ жасөспірімдердің әрқайсысы ізденетін, жоғары жалақы алатын маман болуы үшін кәсіби даму траекториясын құруға көмектесеміз».



ЗАХИРА БЕГАЛИЕВА,  
ЖОБА АВТОРЫ,  
«ITEACHME - КЕШЕНДІ  
ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ»  
ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ



Мейірімді, ашық және өте талантты. Медициналық диагнозы – церебральды сал ауруы (орташа түрі) және жастығына қарамастан, ол нақты мақсат қоюды үйренді, не қалайтынын біледі, әрқашан дамуға уақыт пен мүмкіндік табады.

София – шығармашыл жасөспірім, сондықтан ол «Leader Z» жобасында оқу курсы таңдауда еш қиналған жоқ және «Скетчинг» курсы қалады. Оқу кезеңінде қарындашпен, бояумен сурет салу дағдыларын игерді және ең аз уақыттың ішінде, тіпті үлкен жұмыстарды орындай алатын болды.

Алған дағдыларының арқасында София барлық шығармашылық байқауларға қатысып қана қоймай, оларда жеңіске жетеді: оның жұмыстарын курс оқытушылары да, байқауларда қазылар алқасы да жоғары бағалайды.


“

«Мен креативтілікпен, әдеттен тыс ойлаумен байланысты шығармашылық саланы жақсы көремін, сондықтан «Leader Z» жобасындағы «Мобилография» курсы мен үшін нағыз сый болды. Бейнероликтер жасау арқылы, тіпті ұялы телефонның көмегімен өз мүмкіндігімді аша аламын, шығармашылыққа деген көзқарасымды көрсете аламын.

Жобаға дейін бейнелерді монтаждауға тырыстым, бірақ бұл слайд-шоу сияқты болды. Осы бизнесте кәсіби болғым келді. Жобаның арқасында хромакейді, маскларды және бүгінгі таңда өзекті болып табылатын әртүрлі эффектілерді пайдалануды үйрендім. Камераны дұрыс басқаруды, ауысуды және басқа да көптеген пайдалы нәрселерді меңгеріп алдым.

«Leader Z» жобасының, әсіресе «Мобилография» курсының арқасында мен өзімнің сүйікті ісімді, хоббиімді тапқанымды түсіндім. Енді қалай пайда көруді жоспарлап отырғанымды нақты білемін. Сондай-ақ осы салада айтарлықтай тәжірибесі бар тәлімгерлерді таптым, олар маған өз жұмысымды кәсіби түрде орындауға ғана емес, сонымен қатар жұмыс берушілермен қарым-қатынас дағдыларын меңгеруге көмектеседі».

ДӘМЕШ МҰРАТОВА, 20 ЖАСТА, НҰР-СҰЛТАН, «LEADER Z» ЖОБАСЫ «МОБИЛОГРАФИЯ» КУРСЫНЫҢ СТУДЕНТІ



СОФИЯ ЛИТВИНОВА, 12 ЖАСТА,  
ЖІТІҚАРА Қ., «LEADER Z» ЖОБАСЫ  
«СКЕТЧИНГ» КУРСЫНЫҢ ОҚУШЫСЫ

Байланыс ақпараты

☎ **+7 701 346 00 09**

🔗 [www.iteachme.kz/lider-z-2](http://www.iteachme.kz/lider-z-2)

@ [iteachme2020@gmail.com](mailto:iteachme2020@gmail.com)

📘 [Facebook](#)

📷 [Instagram](#)

📺 [Youtube](#)

[baq.kz](#) сайтындағы мақала

[sknews.kz](#) сайтындағы мақала

# «МЕКТЕП OnLine» жобасы

«VECTOR Foundation» қоры

Жоба интернетте балаларға арналған білім беру контентін ілгерілетуге бағытталған. МЕКТЕП OnLine - мектеп оқушыларына 10-14 минуттан аспайтын тегін бейнесабақтар ұсынады.

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан аумағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Қазақстандағы мектеп оқушылары, олардың ата-аналары, мұғалімдері



Бұл - мұғалімдерге күрделі тақырыпты қарапайым тілмен түсіндіруге жеткілікті уақыт. Ең бастысы, олар қазақстандық мектеп бағдарламасына сәйкес, жүйелі түрде баяндалған.



5-11 сынып оқушыларына арналған сабақтар YouTube платформасында қазақ және орыс тілдерінде бес пән бойынша қолжетімді, олардың әрқайсысы өз аясында ұсынылған – математика, геометрия, физика, химия және биология.



«МЕКТЕП OnLine» жобасы жаһандық пандемияға байланысты карантин басталуына бірнеше ай қалғанда өз қызметін бастады. Қазақстандағы төтенше жағдай тәртібі еліміздің барлық оқушыларына жаңа сипаттағы онлайн білім берудің бастамасы болды.

Әрине, гаджеттердің экрандары арқылы білім алу әдеттегідей емес еді, яғни бұл бастапқыда оңай болған жоқ. Пәндердің күрделілігіне немесе сырқаттануға байланысты жиі сабаққа қатыспағандықтан оқуда қиындықтары бар балалар ерекше жағдайға тап болды. Сондықтан «МЕКТЕП OnLine» жобасы осы уақыт аралығында өте көп пайдасын тигізді.

Жаңа жобаның ұстаздар командасына педагогика тәжірибесі мол, негізгі пәнін жетік меңгерген кәсіби мұғалімдер ғана кіргендіктен, «МЕКТЕП OnLine» жобасы тез танымал бола бастады.



Балалар YouTube арналарының жаңа шығарылымдарын тамашалады, білімдерін жетілдірді, бір-бірімен бейнежазбалардың сілтемесімен бөлісті.

Интерактивті тақта мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарын ерекше қызықтырды, өйткені ол оқушыларға мұғалімнің жазғанын да, оның бет-әлпетін де бақылауға мүмкіндік берді. Бұл фактор балалардың ақпаратты жақсы қабылдауына көмектесетіні анықталды.

Арналардағы жалпы қаралым саны 20 миллионнан асты.

«МЕКТЕП OnLine Mathematics» арнасы көрілім мен жазылушылардың саны бойынша көшбасшы болды. Жақында ол өзінің алғашқы марапатын алды - YouTube күміс түймесін иеленді (жазылушылары 100 000-нан астамға жеткен арналарға беріледі).

**3000**

САБАҚТАН КӨП

**20 000 000**

ҚАРАЛЫМНАН  
ЖОҒАРЫ

**370 000**

ЖАЗЫЛУШЫДАН  
АРТЫҚ

## Youtube күміс түймесінің иегері



Жобаның YouTube арналарына сілтеме:

[«МЕКТЕП ONLINE МАТЕМАТИКА»](#)

[«МЕКТЕП ONLINE ХИМИЯ»](#)

[«МЕКТЕП ONLINE БИОЛОГИЯ»](#)

[«МЕКТЕП ONLINE ФИЗИКА»](#)

[«МЕКТЕП ONLINE ГЕОМЕТРИЯ»](#)

“

«Қазіргі балалардың оқуға арналған ресурстары, әртүрлі жанрларда жұмыс істейтін платформалары көбірек. Қаласаңыз - оқыңыз, бейнеоқулықтарды қараңыз немесе ойын арқылы түсініңіз. Әр бала ақпаратты алудың өзіне қажет қолайлы нұсқасын таба алады. Оқу қызық болуы керек – қазіргі балалар осылай түйсінеді».

БАУЫРЖАН СМАЙЛОВ – «МЕКТЕП ONLINE BIOLOGY» ПӘНІНІҢ, «РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА МЕКТЕБІ» КЕАҚ ОҚЫТУШЫСЫ, АЛМАТЫ Қ.

---

“

«Қашықтықтан оқыту кезінде әрбір баланың тәуелсіз болуды үйренуі маңызды. Оған мұғалім немесе ата-ана үшін емес, ең алдымен өзі үшін оқу керек деген ой келеді. Ең бастысы, мұндай жаттығулар кезінде балаға қысым азаяды. Оның психикалық және физикалық жүктемесі төмендейді, өйткені одан «Сабақ оқыдың ба?» деп ешкім сұрамайды! Біз біртіндеп қорқынышты жоямыз, ал бала ақпаратты жақсы қабылдай бастайды».

ЛАУРА ТАТИЕВА – «МЕКТЕП ONLINE MATHEMATICS» ПӘНІНІҢ, НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ МҰҒАЛІМІ, ТАЛДЫҚОРҒАН Қ.

---

“

«МЕКТЕП OnLine» жобасының кем дегенде бір сабағын көргендер, оның оқудағы ең сенімді көмекші екенін біледі. Үлкен бонусы тағы бар - тегін. Ең жақсы, қымбат оқытушыларды әр отбасының қалтасы көтере бермейді. Осы орайда оқушыға үйден шықпай-ақ сапалы білім алуға мүмкіндік береміз.

Біздің YouTube арналарымызда үмітін үзе бастаған ата-аналар мен әжелердің, балалардың мыңдаған алғыс пікірін таба аласыз. Бұл ретте олар тек Қазақстаннан ғана жазып жатқан жоқ. Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Украина, Беларусь - бұл бізді бақылап отырған елдер тізімінің бір бөлігі ғана.

Сабақтарды көптеген адамдар, соның ішінде мұғалімдер де жақсы көрді. Теориядан басқа тәжірибелік жаттығулармен де бөлісеміз. Мұғалімдеріміз ҰБТ-дан тапсырмалар мен мысалдарды талдайды. Бұл жоғары сынып оқушылары үшін өте үлкен көмек.

Оқушылар жаңа сабақты асыға күтеді. Қосымша пәндерді қосуды сұрайды. Бұл біз үшін ең жоғары рейтинг деп ойлаймыз!».

«МЕКТЕП ONLINE» ЖОБАСЫНЫҢ КОМАНДАСЫ

Алматы облысында тұратын Аяна Сәтпай 6-сыныптың басында алгебраны түсінуде қиындықтарға тап болса, 7-сыныпта геометрия пәнінен де «ақсап» бастады.

Ұзын формулалар мен есептер шығару оған қиын болды. Оған ол қатты уайымдады. Болашақта журналист болуды жоспарлап отыр және ол осы кәсіпке Қазақстанның ең беделді университетінде оқуды армандайды. Және грантқа түскісі келеді. Ал ол үшін жақсы оқу керек. Ақыр негізі барлық басқа пәнді жақсы өтетін деңгейде-тін, химияны, әдебиетті жақсы көреді, математика сабағында да бәрі жақсы болатын. Осылайша Аяна нақты ғылымдар бойынша білімін жетілдіру мақсатында «МЕКТЕП OnLine» арнасын тамашалай бастады. Оған мектепте осы арна ұсынылды. Оқушыға шығарылымдардың сипаты ұнады - қысқа, түсінікті және қолжетімді.

“

**«МЕКТЕП OnLine» маған бейнежазбаларды көргеннен кейін қызығушылықты оятуға көмектеседі, ал қызығушылық оқуға ынталандырады», - дейді Аяна.**

Аянаның көптеген сыныптастары «МЕКТЕП OnLine» бейнежазбаларын көреді. Олар үшін бұл арна әрқашан бірге болатын нағыз оқытушы!



АЯНА САТПАЙ

mail.kz сайтындағы мақала  
sknews.kz сайтындағы мақала

# «Жамбыл. Жаңа дәуір» жобасы

«Мәдениет және шығармашылық бастамаларын қолдау қоры» ҚҚ

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан аумағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Қазақстан Республикасының халқы (жалпы аудитория)

## ФИЛЬМ ТУРАЛЫ

Толық метражды тарихи фильмнің жасалуы белгілі ақынның туғанына 175 жыл толуына арналып отыр.

Фильмдегі оқиғалар Жамбыл Жабаевтың өмірінің соңғы 9 жылын қамтиды.

Картина ақын мен кеңестік идеологиялық машинаның қарсылығына негізделген.

Сюжет бойынша 90 жастағы ақын Қазақстан өнерпаздарының екінші слетіне қатысып, ақындар арасындағы бас жүлдені жеңіп алады.

Ақын, прозаик Қалқаман Әбдіқадыров оның Сұраншы батыр туралы дастанын қолмен қағазға түсіріп, газетке жариялайды.

Кеңестік идеологияны жасаушылар Жамбылдың қайраткерлігіне таң қалып, оның беделі мен танымалдылығын өз мақсаттарына жету үшін пайдалануды ұйғарады.

## ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры балалардың кинематографиялық және актерлік қызметке қол жеткізуі мақсатында ауқымды республикалық кастингке бастамашы болды.

Бірнеше ай бойы фильм түсірушілер кез-келген ұлт пен 5-15 жас аралығындағы дарынды балаларды іздеді. Оның ішінде ерекше балалар мен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалар бар. Түсірілімге қатысу тәжірибесі маңызды болған жоқ.

Нәтижесінде кастингке еліміздің әр түкпірінен 1000-нан астам бала қатысты. Олардың бесеуі рөлге ие болса, 35-40 бала жаппай сахналардың актерлері ретінде қатысты.

## 2021 жылдағы фильм түсіру процесінің негізгі нәтижелері:



- Түсірілімге Алматы қаласы мен облысындағы орындар таңдалды;
- Алматы облысы, Есік ауылында эскиздері әзірленіп, «Жамбыл ауылы» декорациясы салынды;
- Сценарийде көрсетілген дәуірге сәйкес орындарды жобалау жұмыстары жүргізілді;
- Реквизиттер таңдалып, костюмдер тігілді;
- КӨЖ (кесте және өндіріс жоспары), режиссерлік сценарий, сюжеттік тақталар, анимациялық экшн сахнасы әзірленді;
- 2021 жылдың 15 қазаны мен 5 қарашасы аралығында 32 түсірілім ауысымы жүргізіліп, фильмнің 98 көрінісі түсірілді;
- «Жамбыл. Жаңа дәуір» көркем фильмін одан әрі монтаждау және монтаждау-тондау жұмыстары үшін бастапқы түсірілім материалы алынды.

**«Алматы SOS балалар ауылының» 20 тәрбиеленушісі Алматы облысында бой көтерген «Жамбыл ауылы» декорациясын тамашалады. Олар фильмнің бір көрінісі – Бауыржан Момышұлының ауылға, Жамбыл Жабаевқа келуін түсіру кезіне куә болды. Балалардың түсірілім алаңына баруы «Жамбыл. Жаңа дәуір» фильмінің әлеуметтік серіктесі «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының бастамасымен өтті. Қор қолдаған жобалардың бірі – «Алматы SOS балалар ауылы».**

РӨЛДЕРДЕ: ДОСЖАН ЖАНБОТАЕВ,  
ЕРІК ЖОЛЖАҚСЫНОВ, АСАН МӘЖИТ,  
ҚАЖЫМҰҚАН ҚАЛЫМБЕТ, БЕКБОЛАТ  
ТІЛЕУХАН, НҮРКЕН ӨТЕУІЛОВ,  
ЕРЖАН НҰРЫМБЕТ, ДОСХАН  
ЖОЛЖАҚСЫНОВ.

СЦЕНАРИЙ АВТОРЫ ЖӘНЕ  
ЖОБАНЫҢ РЕЖИССЕРІ – «ӘЛИ»  
ЖӘНЕ «ШАБДАЛЫ» ФИЛЬМДЕРІ  
АРҚЫЛЫ ТАНЫЛҒАН ЖАНДОС  
ҚҰСАЙЫНОВ.

“

**«Маған Жамбыл ауылына саяхат өте ұнады. Түсінемін, бұл әшекейлер, бірақ олар шынайы көрінеді. Мен фильмді үлкен экранда зор қызығушылықпен тамашалауды күтемін».**

ЗУХРА НАБИЕВА, 16 ЖАСТА

“

**«Үлкен рахмет айтқым келеді, өйткені бұл өте қызықты болды. Фильмнің түсірілімін тамашалап, актерлердің образға қалай кіретінін көргенім ерекше ұнады. Осы сәттерде барлығына кедергі жасамау үшін үнсіз қалу өте маңызды болды. Біз де сөйттік. Жалпы, түсіру тобы өте керемет әрекет етеді, әркім өз жұмысын біледі».**

АЛЁНА ПУГАЧЁВА, 15 ЖАСТА



«МИР» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ «ЖАМБЫЛ.  
ЖАҢА ДӘУІР» ФИЛЬМІН ТҮСІРУ  
БАРЫСЫНДАҒЫ БЕЙНЕЖАЗБАЛАРЫ

[www.jambylfilm.kz](http://www.jambylfilm.kz)

[Instagram](#)

tengrinews.kz сайтындағы мақала

# «SportFEST Kazakhstan» жобасы

«Коммуникативтік бастама  
мен стратегия қоры» ЖҚ

SportFEST Kazakhstan - Қазақстан Республикасының 17 өңірінен келген мектеп оқушылары арасында республикалық мектеп спартакиадасын өткізуге бағытталған болашақ чемпиондарды қолдаудың бірегей жобасы.

Бұл жоба 2018 жылы басталып, қазақстандық жастар арасында бұқаралық спортты, салауатты өмір салтын және патриоттық тәрбиені насихаттауда ерекше болып отыр.

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан аумағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Кәсіби таңдауы айқындалмаған  
8-10 сыныптардың оқушылары

Үш жылда 21 000  
мектеп оқушысы  
жарыстарға қатысты

6 спорт түрі:

ЖАСТАР АРАСЫНДА ФУТБОЛ, ҚЫЗДАР  
АРАСЫНДА БАСКЕТБОЛ, ӘСКЕРИ  
ҚОЛДАНБАЛЫ СПОРТ, ШАХМАТ, ҮСТЕЛ  
ТЕННИСІ ЖӘНЕ ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

---

Өңірлер бойынша жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталып, 102 команда финалға жолдама алады.

Жарыс аяқталғаннан кейін іріктеу кезеңдерінде пайдаланылған барлық спорттық құрал-жабдықтар (теннис үстелдері, доптар, үстел ойындары) әр өңірдегі мектептерге сыйға тартылады. Спорттық құрал-жабдықтардың берілуі спортты балалар мен жасөспірімдерге қолжетімді етуге, өскелең ұрпақты салауатты өмір салтына көбірек тартуға мүмкіндік береді.

Жоба «Менің елім» әлеуметтік инвестициялық бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Соңғы жоба 2022 жылдың мамыр айына жоспарланған.

---

“

«SportFEST Kazakhstan көптеген дарынды және спортқа құмар жастар үшін өзін көрсетудің тамаша мүмкіндігі екені сөзсіз. Байқауға қатысу, ең алдымен, Қазақстанның барлық аймағындағы балалардың бір-бірімен танысу және араласу, сонымен қатар жаңа достар табу мүмкіндігі. SportFEST Kazakhstan жобасының арқасында үш жыл ішінде 21 000-нан астам мектеп оқушысы өздерінің сүйікті спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндік алды».

АЙБЕК ҚАЗЫҒҰЛОВ, «КОММУНИКАТИВТІК БАСТАМА  
МЕН СТРАТЕГИЯ ҚОРЫ» ЖҚ БАС ДИРЕКТОРЫ

## Жобаны жүзеге асыру аясында

2021 жылдың қараша-желтоқсан айларында турнирлер төмендегі аймақтарда өтті:

**429 қатысушы**

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

**429 қатысушы**

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

**132 қатысушы**

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

### 2021 ж. Қараша

GOOGLE ANALYTICS АНАЛИТИКА ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША, 2021 ЖЫЛДЫҢ 1-30 ҚАРАШАСЫ АРАЛЫҒЫНДА WWW.SPORTFEST.KZ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫНА КІРУШІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ 1189 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ. SPORTFEST KAZAKHSTAN ЖОБАСЫНЫҢ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫНА, СОНДАЙ-АҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ АККАУНТТАР МЕН ЖОБА ВЕБ-САЙТЫН ІЛГЕРІЛЕТУ БОЙЫНША БЕЛСЕНДІ ЖҰМЫСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ВЕБ-САЙТҚА КІРУШІЛЕР САНЫНЫҢ АРТҚАНЫ АТАП ӨТІЛДІ (ҚАЗАНДА – 72, ҚАРАШАДА – 1189). СЕАНСТАРДЫҢ ОРТАША МӘНІ 2,01%-ҒА – 1,08-ДЕН 1,11-ГЕ ДЕЙІН ӨСТІ.

### 2021 ж. Желтоқсан

GOOGLE ANALYTICS АНАЛИТИКАЛЫҚ СЕРВИСІНІҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША, 2021 ЖЫЛДЫҢ 1-31 ЖЕЛТОҚСАНЫ АРАЛЫҒЫНДА WWW.SPORTFEST.KZ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫНА КІРУШІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ 1238 АДАМДЫ ҚҰРАДЫ. ҚАРАШАМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЖЕЛТОҚСАНДА САЙТҚА КІРУШІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ 4,12%-ҒА, ЖАҢА ПАЙДАЛАНУШЫЛАР – 3,97%-ҒА, СЕАНСТАР 6,77%-ҒА, БЕТТЕРДІ ҚАРАУ 24,17%-ҒА ӨСТІ. СОНДАЙ-АҚ ЖОБАНЫҢ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДА, СОНЫҢ ІШІНДЕ 365INFO.KZ, NEWTIMES.KZ, EGEMEN.KZ, КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА, JASQAZAQ.KZ ЖӘНЕ Т.Б. ЖАРИЯЛАНДЫ.

- ✓ **Жобаның әлеуметтік желілердегі парақшаларында іріктеу турлары жүргізілді**
- ✓ **www.sportfest.kz жобасының ресми сайтының жұмысы жаңартылды**



## Байланыс ақпараты



«SPORTFEST KAZAKHSTAN»  
ЖОБАСЫНЫҢ ӘНУРАНЫНА  
БЕЙНЕКЛИП

☎ **+7 747 436 45 73,**  
**+7 701 506 62 02**

🔗 [www.sportfest.kz](http://www.sportfest.kz)

@ [info.sfkz@gmail.com](mailto:info.sfkz@gmail.com)

📘 [Facebook](#)

📷 [Instagram](#)

📺 [Youtube](#)

[newtimes.kz](#) сайтындағы мақала

[365info.kz](#) сайтындағы мақала

# «Жас Дарындар» жобасы

«Samruk-Kazyna Trust» ҚҚ

Жоба дарынды балалардың республикалық және халықаралық шығармашылық байқауларға, спорттық жарыстарға, олимпиадаларға, ғылыми конференцияларға қатысуы үшін қажетті көлік шығындарының барлық түрлерін жабуды көздейді. Жоба тұрақты негізде жүзеге асырылады және оның бенефициарлары қазірдің өзінде 7 елде бар, соның ішіне Қытай, Ресей, Түркия және т.б мемлекеттер кіреді.

2021 жылы осы жобаның арқасында бес жас қазақстандық Ресейдің астанасы Мәскеуде өткен каратэ және паракаратэден Бүкілресейлік ашық ойындарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан Республикасы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

18 жасқа дейінгі дарынды және талантты балалар



Тірек-қимыл қозғалысы зақымданған спортшылар санатында Мейіржан Адияров пен Диас Қадір алтын медальді жеңіп алды



Тірек-қимыл қозғалысында ақауы бар спортшылар санатында Ілияс Жақсыбек, Айбек Тұрсынақын, Сұлтан Сағатбек қола жүлдені жеңіп алды

### Диас Қадыр 2007 жылы Қазақстанның астанасында дүниеге келген. Сол жылы оған церебральды сал ауруы диагнозы қойылды.

Бала ай сайын емдеу және оңалту курстарынан өткенімен, тұрақты емдік дене шынықтыруды қажет етті.

Физикалық дамыту мақсатында Диастың ата-анасы оған спорттық үйірме таңдай бастады, бірақ оның диагнозына байланысты барлық орталық одан бас тартты.

2016 жылы ерекше қажеттіліктері бар балалардың бірнеше ата-анасы бірігіп, балалар бейімделушілік қаратэмен айналысатын қор құрды, оған Диас та қатысты. 2016 жылдан бастап бүгінге дейін жаттықтырушы Жәңгір Жұмабековтың жетекшілігімен Диас бейімделген қаратэмен айналысады, бұл оның физикалық дайындығын дамытуға, рухын шыңдап, болашаққа мақсат қоюға көмектесті.

Бүгінде Диастың мақсаты – қара белбеу алып, халықаралық жарыстарға бару.



### Диастың көптеген жеңістері бар:

- БҮКІЛРЕСЕЙЛІК КАРАТЭ ЖӘНЕ ПАРАКАРАТЭ ОЙЫНДАРЫНДА 1-ОРЫН (ДОЛГОПРУДНЫЙ, РЕСЕЙ, 2021 Ж.)
- РЕСЕЙ КАРАТЭ ВКС ФЕДЕРАЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН АШЫҚ ОНЛАЙН ПАРАКАРАТЭ ТУРНИРИНДЕ 3-ОРЫН ДИПЛОМЫ (РЕСЕЙ, 2020 Ж.)
- ПАРАКАРАТЭ БОЙЫНША БАЛАЛАР ПАРАЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНДА 3-ОРЫН ДИПЛОМЫ (НҰР-СҰЛТАН, 2019 Ж.)
- КАРАТЭ-ДОДАН АШЫҚ ЧЕМПИОНАТТА 2-ОРЫН АЛҒАНЫ ҮШІН ДИПЛОМ (ҚАРАҒАНДЫ, 2019 Ж.)
- «BURABAY OPEN» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ ТУРНИРИНДЕ 1-ОРЫН ДИПЛОМЫ (ЩУЧИНСК, 2019 Ж.)



«АЛТЫН» ПАРАКАРАТЭШІЛЕР  
(QAZSPORT ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ  
АРНАЙЫ РЕПОРТАЖЫ)

# «Спорттық гимнастиканы дамыту» жобасы

«Қазақстан Республикасының Көркем  
гимнастиканы қолдау және дамыту қоры» ЖҚ

Жоба қазақстандық спортшылардың,  
жаттықтырушылар мен төрешілердің біліктілігін  
халықаралық деңгейге көтеруге бағытталған.

Жоба аясында 2024 жылғы Олимпиада  
ойындарына спортшылар дайындалады.

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан аумағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Спортшылар, төрешілер, Қазақстан гимнастика  
федерациясының жаттықтырушылары

## Спорттық гимнастика

### ӘЙЕЛДЕР ІССАПАРЫ:

СЛОВЕНИЯНЫҢ КОПЕР ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КЕЗЕҢІНЕ БІР ТӨРЕШІЛЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫ БАРДЫ (ТӨРЕШІЛІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ).

### ЕРЛЕР ІССАПАРЫ:

СЛОВЕНИЯНЫҢ КОПЕР ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КЕЗЕҢІНЕ ЕКІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САНАТТАҒЫ БІР ТӨРЕШІЛЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫ БАРДЫ (ТӨРЕШІЛІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ);

ДОХА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЕКІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САНАТТАҒЫ БІР ТӨРЕШІЛЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫ БАРДЫ (ТӨРЕШІЛІК ЖҰМЫСЫ ЖҮРГІЗІЛДІ);

ЖАПОНИЯДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА БІР ТӨРЕШІЛЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫ БАРДЫ (ТӨРЕШІЛІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ).

## Көркем гимнастика

ИРИНА ВИНЕР-УСМАНОВА АТЫНДАҒЫ ГИМНАСТИКА ОРТАЛЫҒЫНДА 2024 ЖЫЛҒЫ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА ЕКІ КӨРКЕМ ГИМНАСТ (ЕЛЖАНА ТӘНИЕВА, САБИНА БАҚАТОВА) ДАЙЫНДАЛУДА.

## Батут гимнастикасы

ӘЗІРБАЙЖАННЫҢ БАКУ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА БІР ТӨРЕШІЛЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫ БАРДЫ (ТӨРЕШІЛІК ЖӘНЕ ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ);

ӘЗІРБАЙЖАННЫҢ БАКУ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САНАТТАҒЫ ЕКІ ТӨРЕШІЛЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫ БАРДЫ (ТӨРЕШІЛІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ)

## Спорттық акробатика

ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ ЖЕНЕВА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА СПОРТТЫҚ АКРОБАТИКАДАН БАС ЖАТТЫҚТЫРУШЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ МЕН ЕКІ СПОРТШЫ БАРДЫ (ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДӘРЕЖЕДЕГІ СПОРТ ШЕБЕРІ);

ШВЕЙЦАРИЯНЫҢ ЖЕНЕВА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЕКІНШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САНАТТАҒЫ ЕКІ ТӨРЕШІЛЕР ДЕЛЕГАЦИЯСЫ БАРДЫ (ТӨРЕШІЛІК ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ)

## Жабдықтарды жеткізу

71 БІРЛІК КӨЛЕМІНДЕ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР САТЫП АЛЫНДЫ. 14 СПОРТ МЕКТЕБІ ЖАБДЫҚТАЛДЫ;

«ДУМАН» МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ГИМНАСТИКА ЗАЛЫН ЖАБДЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА КӨРКЕМ ГИМНАСТИКАҒА АРНАЛҒАН АЛАҢЫ БАР 3 КІЛЕМ САТЫП АЛЫНДЫ.

## Байланыс ақпараты

 [www.gymnastic.kz](http://www.gymnastic.kz)

 [Facebook](#)

 [Instagram](#)

 [Vkontakte](#)

# «Бибігүл Төлегенова атындағы XI халықаралық вокалистер байқауы» жобасы

«Мирас» қоғамдық ұлттық  
мәдениет қоры» ҚҚ

ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Нұр-Сұлтан қ.

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Қазақстандық және  
шетелдік жас вокалистер

**72**

ҚАТЫСУШЫ  
ӨТІНІШ БІЛДІРДІ

**15-і**

ФИНАЛҒА  
ШЫҚТЫ

**6 мемлекет**

МЕМЛЕКЕТ ҚАМТЫЛДЫ КАЗАҚСТАН,  
ҚЫРҒЫЗСТАН, РЕСЕЙ, ӨЗБЕКСТАН,  
ТӘЖІКСТАН, АРМЕНИЯ



## Бибігүл Төлегенова атындағы халықаралық вокалистер байқауы қазақтың классикалық әншілік өнерінің беделін арттыруға, Қазақстандағы және дүниежүзіндегі жас талантты орындаушылардың жаңа есімдерін танытуға, қазақ композиторларының шығармаларын кеңінен насихаттауға бағытталған



Жоба мұраты – жас ұрпаққа адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру, жастардың назарын классикалық және халық музыкасының таза қайнар көзіне аудару. Қазақ музыкасының озық үлгілерін орындау мәдениетін таныту ұлттың жан дүниесінің шынайы сұлулығын ашуға қызмет етеді.

Байқауға қатысушылардың өнерін беделді және кәсіби қазылар алқасы бағалайды. XI Халықаралық вокалистер байқауының қазылар алқасының төрағасы – КСРО және Қазақстанның халық әртісі, Социалистік Еңбек Ері, КСРО және Қазақстан Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, академик Бибігүл Төлегенова.

2021 жылдың 11 қазанында «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрында оркестрдің қорытынды гастролі өтті

Дауыс беру нәтижесінде қазылар алқасы марапаттау туралы шешім қабылдады:

- ГРАН-ПРИ – ҚАЗАҚСТАН;
- 1 ОРЫН – ҚАЗАҚСТАН, РЕСЕЙ, ӨЗБЕКСТАН;
- 2 ОРЫН – ҚАЗАҚСТАН, ӨЗБЕКСТАН;
- 3 ОРЫН – ҚАЗАҚСТАН.

Жоба аясында халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға кәсіби музыканттар 2 шеберлік сабағын өткізді:

- 20 БАЛАНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН «АСТАНА ОПЕРА» ТЕАТРЫНДА;
- 40 БАЛАНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚАЗҰӨУ-ДЕ.

## Байланыс ақпараты



«АЛМАТЫ»  
ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ  
БАЙҚАУ ТУРАЛЫ  
БЕЙНЕЖАЗБАСЫ

 [Facebook](#)

 [Instagram](#)

[almaty.tv](#) сайтындағы мақала

[inform.kz](#) сайтындағы мақала

Қор тобы жұмыс  
істейтін  
өңірлерде  
**әлеуметтік  
инвестициялар  
бағдарламасын  
іске асыру**

# «Әрекет» - әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту» жобасы

«Samruk-Kazyna Trust» КҚ

ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан аумағы

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Коммерциялық емес ұйымдар (КЕҰ)

Әлеуметтік кәсіпкерлік – өзін-өзі қамтамасыз ету және тұрақтылық негізінде қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге немесе жеңілдетуге бағытталған қызмет.

«Әрекет» жобасының миссиясы – КЕҰ арасында әлеуметтік кәсіпкерлік мәдениетін дамыту, оларды іскерлік дағдыларға үйрету және кәсіпкерлік көзқарас арқылы әлеуметтік мәселелерді шешу.



«Әрекет» жобасы аясында жыл сайын әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы бизнес-жобаларды іске асыруды көздейтін КЕҰ-ға конкурстық негізде гранттар бөлінеді. Екі негізгі шарт - жобалар әлеуметтік мәселелерді шешуі және тұрақты болуы тиіс, яғни грант ақшасы жұмсалғаннан кейін де табысты болудың мүмкіндігі болу керек.

Конкурстың бірінші кезеңінде үміткерлер жобада қарастырылған «Акселератор» және «Инкубатор» арнайы білім беру бағдарламалары аясында іріктеу кезеңінен өтіп, біліктіліктерін арттыруы керек. Елімізде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытқысы келетін кез келген КЕҰ қатысуға болады.

---

## Гранттық қор 500 000 теңгеден 3 000 000 теңгеге дейінгі соманы құрайды

### «Инкубатор»

«Әрекет» жобасының бұрын грант ұтып алмаған, әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі қырларын, соның ішінде нарықты талдау, бизнес-модельдерді құру, PR жобаларды құқықтық қолдауды зерттеп, нығайтуды қалайтындарға арналған бағдарлама.

### «Акселератор»

Жоба аясында гранттар ұтып алған КЕҰ-ға арналған бағдарлама.

Олар үшін қаржылық модельді құру, өнімді жобалау және сатуды ынталандыру бойынша оқытуды қарастыратын тереңдетілген бағдарлама әзірленді. «Акселератор» көрсетілетін қызметтер мен тауарлардың сапасын арттыруға, әлеуметтік кәсіпкерліктің қолданыстағы жобаларына жаңаларын қосуға бағытталған.

## Жобаның негізгі нәтижелері



Конкурсқа қатысуға 98 үкіметтік емес ұйым өтінім берді;

---

Конкурстық комиссияның қарауына және бағалауына 84 өтінім жіберілді;

---

Екінші кезеңнен өткен 61 БКҰ білім беру бағдарламасына рұқсат алды, 4 БКҰ қатысудан бас тартты;

---



57 БКҰ 6 апталық «Инкубатор» және «Акселератор» білім беру бағдарламаларын аяқтады;

---

57 БКҰ жобаларды қорғауға рұқсат етілді, олардың 7-і қатысудан бас тартты;

---

Байқау комиссиясының алдында 50 БКҰ өз жобаларын қорғап, 24 БКҰ жеңімпаз деп танылды;

---

Байқаудың 24 жеңімпазы гранттық келісімшарт жасап, жұмысын бастады



Бала кезінде менингитпен ауырған Владимир Поздняков пен Әділет Елшібек саңырау әрі мылқау болды. Бірақ бұл олардың белсенді болуына, қоғамға пайдасын тигізіп, табыс табуға кедергі келтірген жоқ. Бүгінде олар Түркістан облысының Кентау қаласында «Әрекет» жобасына қатысып, грант ұтып алып, бастамаларын жүзеге асырды, яғни саңырауқұлақ өсіру кәсіпорнының іргесін қалады.

“

**«Біздің ауданда 200 шақырым радиуста саңырауқұлақ өсіретін бірде-бір жылыжай жоқ. Сондықтан біздің өнімге сұраныс жоғары. Бұл өнім әртүрлі жастағы тұрғындар арасында, кез келген отбасында, сондай-ақ кафелерде, барларда, мейрамханаларда танымал. Саңырауқұлақтарымызды қайнатып, қуырып қана қоймай, тұздап, мұздатып, маринадтауға да болады», – дейді кәсіпорынның негізін қалаған «Эко-Атамекен» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Гүлнәр Ниязова.**



ГҮЛНӘР НИЯЗОВА

Жоба екі жылдан астам уақыттан бері табысты жұмыс істеп келеді және 2020 жылы пандемияға және мейрамханалар мен кафелердің тоқтап қалуына қарамастан, компания 700 келіден астам саңырауқұлақ сатты. Серіктестіктің шағын жылыжайы, барлық қажетті құрал-жабдықтары, сондай-ақ өнімді тасымалдайтын көлігі бар.



“

**«Біз жобамызға өте кәсіби түрде дайындықпен келдік. Ірі қалалардағы сәтті шыққан тәжірибелерді зерттедік. Алматы мен Нұр-Сұлтандағы саңырауқұлақ жылыжайларының қалай жұмыс істейтінін көрдік. Соның арқасында жақсы білім қорын жинадық - біз оңтайлы температура, жарықтандыру, ылғал сияқты өндірістік ұғымдарды түсінеміз. Саңырауқұлақтарымызға не қажет және оның өсуіне кедергілермен қалай күресуге болатынын білеміз», – дейді Гүлнар.**



Саңырауқұлақтардың ерекшеліктерін бәрінен бұрын кәсіпорын қызметкерлері Владимир мен Әділет жақсы біледі.



“

«2021 жылы біз «Әрекет» жобасына қайта қатысу туралы шешім қабылдадық және кәсіпорынды кеңейту үшін грант ұтып алдық. Біздің шағын ұжым үшін бұл үлкен жетістік болды. Алынған қаражаттың арқасында бүгінде кәсіпорнымыздың бір ғимаратында жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оны кеңейттік. Жаңа блоктар тұрғызып, мақтаның қауызы мен саңырауқұлақ өскіндерін – мицелийді Шымкенттен, Сайрам өңірінен әкелдік.

Тағы бір қуанышты жаңалық, бізбен бірге жаңа қызметкер – Асылхан Құрманғазы жұмыс істейді.

Ол да II топтағы мүгедек. Біздің кәсіпорын әлеуметтік қана емес, экологиялық сипаттағы деуге де келеді. Қызметкерлер күн сайын үй-жайларды ескі саңырауқұлақ блоктарынан тазартады, содан кейін оларды мал шаруашылығымен айналысатындарға тегін береміз.

Өйткені мал осы қалдықтармен қоректенеді немесе оны тыңайтқыш ретінде кейбір бақшаға пайдалануға болады.

Осылайша қалдықсыз өндіріс құруға қол жеткіздік. Саңырауқұлақтар өсіру – түсінісіп, жақсы жұмыс істейтін тыныш, әрі пайдалы іс», - дейді Гүлнар Ниязова.

## Байланыс ақпараты

☎ **+7 705 376 40 00**

@ [areket.skt@gmail.com](mailto:areket.skt@gmail.com)

[egemen.kz](http://egemen.kz) сайтындағы мақала

[baq.kz](http://baq.kz) сайтындағы мақала

# «Көпбейінді спорт кешендерінің құрылысы» жобасы

«Samruk-Kazyna Trust» ҚҚ

Әуе күштері құрылымдары негізінде көпбейінді спорт кешендерін салу жобасы еліміздің 6 өңірінде спорт инфрақұрылымын дамыту арқылы жыл бойына халықты дене шынықтыру мен бұқаралық спортқа тартуға бағытталған.

#### ЖОБАНЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

- Ақтөбе облысы, Ембі қаласы
- Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
- Алматы облысы, Әйтей ауылы
- Қарағанды облысы, Нұра ауылы
- Түркістан облысы, Оранғай ауылы
- Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл ауылы

#### МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Балалар мен жасөспірімдер

2021 жылдың соңында осы нысандардың 3-і ашылды.

Барлық спорт кешендері қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған және ауа райына қарамастан жыл бойы жұмыс істейді.

Жоба аясында 2022 жылы 6 көпбейінді спорт кешені салынады.



Ақтөбе облысында жалпы ауданы 1800 шаршы метрді құрайтын спорт кешені ашылды. Нысанда шағын футбол, волейбол, баскетбол және теннис алаңы, күрес төсеніші, бокс рингі, екі жолақты жүгіру жолы бар.



Маңғыстау облысында үлкен және заманауи көпбейінді спорт кешені пайдалануға берілді. Спорт кешенінде еркін және грек-рим күресі, дзюдо, киокушинкай, таэквондо, қазақша күрес, муай-тай, кудо, грэпплинг және т.б. спорт түрлерімен айналысуға жағдай жасалған. Сондай-ақ нысанда шағын футбол, волейбол, баскетбол, теннис алаңы, бокс рингі және екі жолақты жүгіру жолы бар.



Алматы облысында жалпы ауданы 1800 шаршы метрді құрайтын спорт кешені ашылды. Кешен құрамында шағын футбол, волейбол, баскетбол, теннис алаңы, күрес төсеніші, бокс рингі және екі жолақты жүгіру жолы бар.



[716.kz сайтындағы мақала](#)

[sknews.kz сайтындағы мақала](#)

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨПБЕЙІНДІ СПОРТ  
КЕШЕНІ (ВИДЕО)

# «Тараз қаласындағы спорт және балалар ойын алаңының құрылысы» жобасы

## ЖОБА ГЕОГРАФИЯСЫ

Тараз қаласы

«Қазақстандық білім беруді дамыту қоғамы» АҚҰ

## МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯ

Тараз қаласындағы «Арай-2» ш/а және оған жақын аудандар

Тараз қаласында жаңа әмбебап спорт және ойын алаңы ашылды. Жоба әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, жергілікті қоғамдастықтардың өмір сапасының жоғары стандарттарына қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған «Менің елім» әлеуметтік инвестициялық бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Ойын алаңы бірнеше аймақты қамтиды - жасанды жабындысы бар футбол алаңы, ашық жаттығу жабдықтары және әткеншектері, сырғанақтары мен құмсалғыштары бар балаларға арналған ойын алаңы. Алаңның периметріне сәйкес, орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылған.

Мұндай ойын алаңдары балаларға да, ересектерге де қолжетімді әрі тегін. Ойын алаңдары салауатты өмір салтын насихаттау мен балаларды бұқаралық спортқа баулу, қалалар мен елді мекендердің тұрғындарын заманауи спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз ету мақсатында құрылуда.

**1702 шаршы метр**

НЫСАННЫҢ ЖАЛПЫ АЛАҒЫ

**27 657 адам**

«АРАЙ-2» ЖӘНЕ ОҒАН ЖАҚЫН  
АУДАНДАР ТҰРҒЫНДАРЫН  
СТАТИСТИКАҒА СӘЙКЕС ЖОСПАРЛЫ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



[tengrinews.kz](https://tengrinews.kz) сайтындағы мақала

[inform.kz](https://inform.kz) сайтындағы мақала

[forbes.kz](https://forbes.kz) сайтындағы мақала

Біз -  
**медиаалаңда**



## «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры медиаалаңда

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры өз қызметін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жариялау бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Қор жыл сайын тұрғындар үшін жасалған ондаған әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырады.

Сондықтан Қордың жұмыс тобына қарапайым азаматтарға – әсіресе шалғай елді мекендерде тұратындарға ақпарат жеткізу маңызды.

Біз көмекке мұқтаж адамдар қай жерде, қалай және қандай салаларда жәрдем алғысы келетінін нақты білуге тырысамыз. Бұл үшін бізге әртүрлі БАҚ көмектеседі: теледидар, газеттер, интернет порталдар, радио.

### >2500

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН  
БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ  
ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖЕЛІЛЕРДЕГІ  
ЖАРИЯЛАНЫМДАР (ОЛАРДЫҢ  
БАРЛЫҒЫ ТЕГІН)

## «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының сайты мен әлеуметтік желілері

Қордың сайтында сараптамалық материалдар мен пайдалы мақалалар үнемі жарияланып тұрады. Қор қазіргі әлемдегі жаңа медиаға айналған әлеуметтік желілерде де ресми парақшаларын жүргізеді.

Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар Қордың және оның серіктестерінің оқиғаларын онлайн режимінде жылдам көрсетуге мүмкіндік береді, сол арқылы интернет-қоғамдастықтың Қор қызметіне және жалпы қайырымдылыққа деген қызығушылығын қалыптастырады және сақтайды.

### >25000

ҚОРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖЕЛІЛЕРДЕГІ РЕСМИ  
ПАРАҚШАЛАРЫНА  
ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНЫ

Онда түрлі материалдар, тақырыптық инфографика, жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы өзекті деректер, емделу және көмек алу туралы ақпарат, жеңімпаздар жайындағы арнайы айдарлар, ҰЕҰ мен серіктестерге арналған іс-шаралар туралы хабарландырулар жарияланады.

# «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры туралы журналистердің мен блогерлердің пікірі:



«Біздің оқырмандарымыз үшін Қазақстанда церебральды сал ауруы, аутизм немесе басқа да диагнозы бар балаларға қандай көмек көрсетілетінін білу маңызды. «Samruk-Kazyna Trust» бұл тұрғыда оңалту орталықтарын ашу, мектептерді арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету немесе ерекше балаларға арналған секциялар ашу арқылы көбірек жұмыс істейді. Сондықтан біздің ұжым қазақстандықтарды мұндай мүмкіндіктер туралы хабардар етуді маңызды деп санайды, әсіресе олар тегін болса тіпті жақсы. Қордың PR-қызметі үнемі жаңалықтарды жеткізуде белсенді, қызықты сюжеттер дайындайды және жоғары сапалы визуалды контенттер жібереді. Біз олармен тығыз байланыста жұмыс істейміз және үнемі қарым-қатынастамыз. Қордың кәсіпқойлығын жоғалтпай, қоғамға пайдалы жобаларды бұдан да көп жүзеге асыруына тілектеспін».

ЕВГЕНИЙ ФЕДОТОВ,  
KAZPRAVDA.KZ ПОРТАЛЫНЫҢ БАС РЕДАКТОРЫ



«Мен журналист ретінде «Samruk-Kazyna Trust» қорының көптеген әлеуметтік жобаларды қолға алғанына талай мәрте куә болдым. Осы Қордың қолдауымен республикамыздың түкпір-түкпірінде көптеген әлеуметтік нысандар бой көтеруде. Балалар арасындағы спорт сайыстарын өткізу, олардың демалысын ұйымдастыру сынды өте маңызды жұмыстар атқарылуда. Елдегі әлеуметтік проблемаларды шешуге, халықтың өмірін жасқартуға сүбелі үлес қосып жүрген «Samruk-Kazyna Trust» жұмысын жоғары бағалаймын».

АРНҰР АСҚАР,  
ЖУРНАЛИСТ



«Біз «Samruk-Kazyna Trust» компаниясымен бірнеше жылдан бері жұмыс істеп келеміз. Осы уақыт ішінде әлеуметтік саладағы көптеген оқиғаларды қамтуға қол жеткіздік. Ең бастысы, біздің оқырмандар Қор жүзеге асырып жатқан игі жобалардың арқасында сөйлеп, жүруді және белсенді өмір сүруді үйренген ерекше балалардың шабыттандыратын әңгімелерін білді. Мұндай материалдар мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды да, қарапайым азаматтарды да ынталандырады. Бұл - біздің қормен ынтымақтастығымыздың қандай нәтиже беретінін көрсететін шағын ғана мысал. Әрине, бұл жалғыз мысал емес. Білім, мәдениет, бұқаралық спорт, әлеуметтік кәсіпкерлік салаларында да атқарылып жатқан істер аз емес. Бұл жұмыс қоғам үшін маңызды және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің тамаша үлгісі болып табылады».









ГҮЛЖАН РАМАНҚҰЛОВА,  
BAQ.KZ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІНІҢ ТІЛШІСІ



«Біздің SK NEWS газеті «Samruk-Kazyna Trust» қорының игі істері туралы мыңнан астам мақалалар мен репортаждар жариялаған шығар. Оларды оқыған сайын сіз жай ғана оқиғалар туралы репортаждарды ғана емес – жасөспірімдерге арналған аула клубтарының, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған спорт орталықтарының, қиын жағдайда қалған әйелдерге көмек көрсету орталықтарының және т.б. ашылғанын көресіз. Біздің қазақстандықтардың, балалардың, тіпті ересектердің бақытты көздерін көресіз. Trust командасы өте кәсіби, белсенді және қызықты - олар өз жұмысын ынтамен, жастық жігермен және мұқтаж адамдарға көмектесуге деген үлкен ықыласпен жасайды. Қайырымдылық «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының материалдық емес құндылықтарын құру процесінің бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар барлығына жақсы түсінікті және қажетті құндылықтар жүйесі болып табылатын кезеңде бұл тәсілдің өзі де әсерлі».

РЭМ НИГМАТУЛИН,  
SK NEWS БАС РЕДАКТОРЫ

# Республикалық және облыстық БАҚ-та жарияланған материалдардың сілтемелері



**АҚПАРАТ БЕРІЛЕТІН  
ЕСЕПТІК КЕЗЕҢ**

2021 ЖЫЛ

**ЕСЕП БЕРУ ЦИКЛЫ:**

ЖЫЛДЫҚ

**БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:**

INFO@SK-TRUST.KZ

8 7172 57-68-98

8 7172 24-80-15

PR@SK-TRUST.KZ

WWW.SK-TRUST.KZ

FACEBOOK

INSTAGRAM

